

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 82 (9659) 1955 жылғы 26 апрель Сейсенбі | Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Бұқараның саяси белсенділігін арттыра беру үшін

Совет халқы көзін социализмнен коммунизмге қарай бірте-бірте өту кезеңін бастан кешіріп отыр. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығы арқасында елімізде коммунизм құрылысы жолында тарихи зор маңызы бар табыстарға қол жетті. Елімізде қуатты ауыр өнеркәсіп жасалды. Ауыр өнеркәсіпті әрдайым қуатты қарқынмен өркендете беру негізінде халық шаруашылығының басқа да салалары, мәселен, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мүлтіксіз өрге басуда.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында экономикамыз бен Отанымыздың қорғанысқа қажетті берудің қайнар бұлағы болып табылатын ауыр индустрияны онан әрі өркендете берудің аса зор қажеттігі атап көрсетіліп, коммунизм жолымен алға басуымыздық, халық шаруашылығының кенже қалып жете жатқан салаларын шұғыл өрге бастырудың кең программасы жасалды.

Мұндай зор міндеттерді жүзеге асыру өлеуір дәрежеде біздің халқымыздың саналылығына, сол міндеттерді қаншалықты дәрежеде түсініп, оларды орындауға қаншалықты саналылықпен араласуына байланысты.

Партия мен үкмет алға қойған тарихи зор міндеттерді аброймен орындап шығу жолындағы күреске еліміздің еңбекшілері еселеген жігермен араласып отыр. Көптеген кәсіпорындар, МТС-тер мен совхоздар, ауылшаруашылық артельдері өздерінің өндірістік жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шығу жолында қажырлылықпен күрес жүргізуде. Мұндай мысалдарды біздің облыстың өмірінен де көптеп келтіруге болады.

Алайда бұған кері мысалдар да табылады. Біздің адамдарымыздың ішінде еңбек етуге, қоғамдық еңбекке, қоғамдық мүддеге немқұрайды қарайтындар, бүкілхалықтық толқынға ілеспей, басқаның есебінен күн көруді ойлайтындар, берекесіз, жалқаулар әлі де болса бар. Мұндай фактілердің болуы социалистік қоғамда өмір сүретін адамдарымыздың са-

мыстың жайын қанағаттанарлық деуге келмейді. Мұнда үгіт-насихат жұмысы СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы қойған талаптар дәрежесінде жүргізілмей келеді. Саяси үгіт жергілікті коллективтің алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырылмайды. Демек, бұқаралық-саяси жұмыс өмірден алысқа жатады. Мұның тікелей көрінісі сол—ауданда 547 колхозшы қажетті еңбеккүн минимумын таппаған. Бұл фактідегі елеулі бір жағдай мынада: еңбеккүн минимумын таппаған 547 колхозшының басым көпшілігі әйелдер.

Әйелдер — өндірісте зор күш. Олар қажырлы еңбек етіп, бүкіл елімізде құрметке бөленіп отыр. Бұған мысал ретінде облысымыздағы атақты сауыншы Меңжамал Есенова жолдасты айтсақ та жеткілікті. Оның еңбегін халық жоғары бағалап, өткен сайлауда облыстық Советтің депутаты етіп сайлады. Полудень ауданының өзінде де еңбекпен өсіп келе жатқан әйелдер аз емес. Алайда жоғарыда келтірілген фактілерге қарағанда, бұл ауданда әйелдер арасында жұмыс жоғары дәрежеде болмай отыр. Ауданның көптеген колхоздарында балалар яслилері жоқ. Ал кей жерлерде яслилер тек колхоздың орталықтарында ғана бар. Бұл факт балалық әйелдердің еңбекке араласуына жағдай туғызылмай отырғандығын көрсетеді.

Сонымен бірге әйелге көзқарас мәселесінде ескінің кейбір сарқыншақтарын сақталып келеді. Мысалы, осы ауданның Аманкөлдi атындағы колхозында тұрушы коммунист Ахметов жолдас байшылық-феодалдық көзқарас шырмауынан әлі де шыға алмай келеді.

Қызылөскер совхозында да (партия ұйымының секретары Әділшин жолдас) партиялық-саяси жұмыс өз дәрежесінде деуге болмайды. Мұнда кейбір коммунистер (Галыгин, Митриенко жолдас) еңбекшілерге тәрбие беріп, өз тәртіптерімен өнеге көрсету орнына, тұрмыста азғындыққа, маскүнемдікке салынған. Совхозда кейбір үгітші-коммунистер (Сабдуллин,

СОВЕТ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПОЛЬШАДА БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

ВАРШАВА, 23 апрель. (СОТА). Достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Совет-Поляк Договорына қол қойылуының 10 жылдығына байланысты Поляк Халық Республикасына келген, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев жолдас бастаған Совет Үкмет делегациясы бүгін Краковқа келді.

Делегациямен бірге Краковқа Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Болеслав Берут, Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және Ұлттық Қорғаныс Министрі, Польшаның Маршалы К. Рокоссовский келді.

Делегацияның қасында ССРО-ның Польшадағы уақытша елшісі И. А. Мельник бар.

Аэродромда келген қонақтарды Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің секретары В. Матвин, Поляк Халық Республикасының Министрлер Советі председателінің орынба-

сарлары П. Ярошевич пен С. Евриховский, өнеркәсіп-құрылыс министрі Ч. Бомбинский, ПБЖП Орталық Комитетінің мүшесі В. Титков, ПБЖП воеводстволық және қалалық комитеттерінің, воеводстволық және қалалық Халық Советтерінің өкілдері, мұнымен қатар еңбекшілер делегациялары қарсы алды.

Совет Үкмет делегациясы күндіз Новая Гутадағы В.И. Ленин атындағы металлургия комбинатында болды. Қонақтар салынып болған объектілерді аралап көрді және комбинаттағы құрылыс-монтаж жұмыстарының барысымен танысты. Делегацияның қасына комбинаттың бас директоры А. Чехович еріп жүрді.

Совет Үкмет делегациясының келуімен байланысты комбинат цехтарының бірінде жұмысшылар мен құрылысшылардың митингісі болды. Комбинаттың партия комитетінің секретары Ваврикевич қонақтарды қызу құттықтады. Комбинаттың бас директоры А. Чехович совет халықтарына комбинатты салуда көрсеткен

туысқандық көмегі үшін шын жүректен алғыс айтты.

Совет Үкмет Делегациясының басшысы, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев жолдас сөз сөйлеуін жыйналғандар ду орация жасап қарсы алды. Ол Совет Одағының Коммунистік партиясы мен совет халықтарынан комбинаттың коллективіне шын жүректен құттықтаған сәлем тапсырып, оның еңбекте онан әрі табыстарға жете беруге тілектестік білдірді. Делегацияның мүшесі, белорус ақыны Максим Танктің сөзі жылы шыраймен қарсы алынды.

Кеште воеводстволық және қалалық Халық советтерінің президиумдары СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев жолдас бастаған Совет Үкмет Делегациясының құрметіне және ПБЖП Орталық Комитетінің Бірінші секретары Болеслав Беруттың құрметіне қабилдау ұйымдастырды.

Талдықорған облысының Жыйырма сегіз гвардияшы атындағы ауданының Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының ҮНДЕУІ

Қазақстанның барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, МТС-терінің, совхоздары мен өнеркәсіп орындарының жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне, барлық ата-аналарға

Қымбатты жолдастар!

Біз, Талдықорған облысының Жыйырма сегіз гвардияшы атындағы ауданының Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мен колхозшы әйелдері, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі тарихи қарарларын орындай оты-

үшін екі гектар және мектеп бақшасы үшін бір гектар жер бөлді. Біз мектептің оқу-тәрбие участогінің колхоздың «жасыл» лабораториясы болуын тілейміз. Мұнымен бірге, колхоз мектеп оқушыларын олардың қолынан келетін ауылшаруашылық жұмыстарына қатынастыруды да мықтап ұйғарып отыр. Мәселен, оқушылар быыл селого таяу жерден мектеп-

Бірінші Май құрметіндегі
жарыс

Малшылар жарысы

Октябрь ауданы, «Шит» ауылшаруашылық артелінің мал өсірушілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысына байланысты алған міндеттемелерін орындап шығуға бағытталған социалистік жарысты кезінен өрістетіп, Бірінші май алдындағы еңбек вахтасына тұрда.

Жарыс әсресе Шербина жолдас басқаратын товарлы-сүт фермасының сауыншылары арасында қыза түсуде. Бұл жарыста сауыншы Омельченко, Черненко, Шилова жолдастар алда келеді. Омельченко өзіне бекітілген 15 сыйырдан 1955 жылдың бірінші тоқсанында 67 центнер сүт сауды. Қарауына бекітілген сыйырдан сүт алу жоспарын бірінші тоқсанда артығымен орындап шыққан бұл сауыншылардың әрқайсысы қосымша ақыға 200-520 литрден сүт алды.

Мал шаруашылығындағы еңбекшілердің өз істеріне беріле атқаруының нәтижесінде колхоз мемлекетке сүт тапсырудың жоспарын 135 процент етіп асыра орындады. Мемлекеттік сатып алу орындарына 7421 килограмм сүт өткізді. сондай-ақ колхоз базарларына 253 килограмм сүт сатты. Сөйтіп колхоз осы жылдың бірінші тоқсанында тек сүт өнімінен ғана 28 мың 979 сом кіріс алды.

Колхоз мал өсірушілері арасында екінші тоқсанда сүтті мол алу және жас төлдерді зман өсіру жолындағы жарыс барған сайын өрістей түсуде.

В. КУЦ.

Теміржолшылар табысы

СОКП Орталық Комитетінің 1955 жылғы 1 Майға арнаған Ұрандарын Петропавл паровоз депосының инженер-техник қызметкерлері зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Олар 1 Май мерекесі қарсаңында поездардың жүруін тездетіп, ва-

болмағандығын көрсетеді.

Ұлы Ленин, Коммунистік партия адамдардың санасындағы ескінің сарқыншақтары көпке дейін жойылмайды, сондықтан бұған қарсы аяусыз күрес жүргізу керек, бұқара арасында тәрбиелік, саяси жұмыстарды кеңінен жүргізу қажет деп ұйретеді.

Әдетте, қай жерде мұндай күрес нашар жүргізілсе, сол жерде адам санасындағы ескінің көріністері көбірек байқалады, қай коллективте бұқаралық-саяси жұмыстар кең өрістетілмесе, сол коллективтің өндірістік көрсеткіштері де төмен болады.

Олай болса, кезіргі кезеңде бұқараның саяси саналылығы жоғары болу үшін күресу, олардың өз ісіне беріле жұмыс істеуі үшін, алдағы міндеттерді орындауға саналылықпен жұмылуы үшін күресу — коммунистік құрылыстағы ең маңызды міндеттердің бірі. Бұл күресте, сөз жоқ, біздің коммунистеріміз алдыңғы сапта болуы керек. Өйткені олар — бұқараның саяси жетекшісі, бұқараны ұйымдастырушы, бұқараны коммунизм рухында тәрбиелеуші. Шаруашылық-саяси өміріміздің барлық саласында да Коммунистік партия, оның қатардағы мүшелері авангардтық роль атқарады.

Облысымыздың кейбір аудандарында бұқараның саяси саналылығын арттыру жолындағы жұмыста елеулі кемшіліктер бар. Мәселен, Полудень ауданында, жалпы алғанда, бұқаралық-саяси жұ-

мыстарды кеңінен жүргізу қажет деп ұйретеді.

Бұқараға саяси тәрбие берерліктей дәрежеде болу үшін коммунистердің өздері саяси білімін үнемі арттырып отыруға тиіс. Марксизм-ленинизммен қаруланбаған, немесе нашар қаруланған басшы бұқараға басшылық ете алмайды, оны соңынан ерте алмайды. Сондықтан да жергілікті партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасына идеялық тәрбие беру ісін коммунистердің саяси білімін арттыру мәселесімен тығыз байланыстыруға міндетті.

Үстіміздегі оқу жылында партия оқуы жүйесіндегі сабақтар кей жерлерде, атап айтқанда, коммунистер көктемгі егіс маусымына тікелей араласатын жерде, көзір-ақ аяқталғалы отыр. Сондықтан жергілікті партия ұйымдары қорытынды сабақтарды ұйымшылдықпен аяқтауға міндетті.

Кадрларымызды, қалың бұқараны идеялық жағынан тәрбиелеу, олардың саяси саналылығын арттыру маусымдық жұмыс емес, үнемі жүргізуді талап ететін жұмыс. Олай болса, партия ұйымдары бұл мәселені естен шығармауға тиіс. Өйткені идеологиялық жұмыс, еңбекшілердің саналылығын арттыру коммунизм құрылысындағы орасан зор міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру ісінде маңызды роль атқарады, бұқараның белсенділігін арттырудың көпшілі болып табылады.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

Баспасөзде хабар етілгеніндей, осы жылғы 13 апрельде К. Е. Ворошилов Австрия Үкмет Делегациясын қабылдағанда Федеральдық Канцлер Ю. Рааб мырза ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловқа Австрия Республикасының президенті Теодор Кернердің хатын тапсырған болатын, ол хатта соғыс кезінде совет халқына қарсы жасаған қылмыстары үшін Совет Одағында жазаларын өтеп жатқан австриялықтарға Әзіршім жасау туралы өтініш білдірілген еді.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Австрия Республикасы президентінің аталған хатын қарады.

Совет Армиясының Австрияны гитлерлік үстемдіктен азат етуі нәтижесінде Австрия Республикасының қалпына келтірілуінің он жылдығына байланысты Совет және Австрия халықтарының арасындағы достық пен ынтымақты оған әрі нығайтуға көмектесуге ұмтылып, ССРО

Жоғарғы Советінің Президиумы Совет Одағында жазаларын өтеп жатқан австриялық 613 азаматты мерзімінен бұрын босатып, оларға Австрияға қайтуға рұқсат беруге болады деп тапты.

Тісті совет органдары сотталған австриялық 74 соғыс тұтқындарын олардың ССРО территориясында жасаған қылмыстарының ауыр болуы себепті жазаны оған әрі өтеуден босату мүмкін емес деп тапты, бұлар жөнінде ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы мынадай қарар қабылдады: аталған адамдар соғыс қылмыстылары ретінде Австрия Үкметінің қарамағына қайтарылып берілсін.

Соңғы уақытта шетелдік разведкалардың пайдасына ССРО-ға қарсы белсене шпиондық қызмет істегені үшін сотталған австриялық 39 жай адамдар жазаны оған әрі өтеу үшін ССРО-да қалдырылады, бұл адамдар совет әскерлері Австриядан кететін кезде Австрия Үкмет орындарына тапсырылатын болады.

Республикамыздың кәсіпорындарында

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Новосибирск аяқ-киім фабрикасының өкілдері Семейдің аяқкиім тігушілерінде қонақта болды. Олар жергілікті рационализаторлардың

жұмысымен, олардың өндіріске енгізген жетілдірулерімен танысты. Семейліктер жабыққа икемделген бірқатар тетіктердің чертеждерін қонақтарға берді.

тұға жетістік. Жаңа жерлер игеру және барлық егіс алаңында егін шығымдылығын арттыру нәтижесінде колхозда астық өндірісі көп артты. Көп салалы шаруашылығымыз да елеулі түрде жақсарды.

СОКН Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларына сәйкес, артель шаруашылығын өркендету жөнінде 1955—1960 жылдарға арналған шаралар белгілей отырып, біз колхозшылардың материалдық әл-ауқатын барған сайын жақсарту және олардың мәдени қажеттерін барлық жағынан қанағаттандыру перспективаларын айқын көріп отырмыз. Колхоз табыстарының артуы мәдени-тұрмыстық мекемелер салуға қажетті қаржы бөлуге мүмкіншілік береді.

Колхозымыздың жақсы клубы, өзінің электр станциясы мен радиоторабы бар. Тарандықтардың тамаша бастамасын қолдай отырып, біз тағы да бірқатар жаңа мәдениет ошақтарын саламыз. Колхоздың жалпы жыйналысында артельдің күш, қаражатымен 1956 жылғы 1 августқа дейін жаңа мектеп үшін салу ұйғарылып та отыр. Бұл типтік жоба бойынша салынған үлкен жақсы мектеп болады. Онда кең және жарық 10 класс бөлмелерінен басқа оқу кабинеттері, кітапхана және пионер бөлмесі болады.

Колхозшылардың жалпы жыйналысы олардың жабықтығын толықтыру үшін кезіргі 1955 жылдың өзінде 15 мың сом бөлуді, бұдан басқа мектеп үшін музыкалық аспаптар комплектін алуды ұйғарды.

Мектепте оқу мастерскойы мен спорт залы болады. Мектептің ескі үйін оқушылар үшін интернатқа пайдаланамыз.

Быйыл мұғалімдер үшін екі тұрғын үй және колхозшылардың балалары үшін 100 орындық балалар яслиі мен балалар бақшасын саламыз.

Оқушылардың оқудан тыс уақыттарда және каникул кездерінде мәдениетті және жақсы тынығуы үшін ең қолайлы жағдайлар туғызғандықтан, қыстықүні олар үшін каток жабықтаймыз, жаздықүні балаларды колхозаралық пионерлер лагеріне жібереміз, ал денсаулығы нашар балаларға санаторийге баруға жолдамалар аламыз, мектепте балаларды ыстық тағаммен қамтамасыз ету жөнінде қамқорлық жасаймыз.

Кезіргі оқушылар—болашақ колхозшылар. Колхоздың қоғамдық шаруашылығын жүргізуді олардың өздері қолға алатын, оны оған әрі нығайтып, өркендету жөнінде қамқорлық жасау оларға жүктелетін уақыт та келеді.

Біздің балаларымыз мектеп жасынан бастап іскер, қамқоршы және еңбексүйгіш болып өсуге тиіс. Оқушыларды еңбекке баулау үшін колхоз мектепке оқу-тәжірибе үчастоғ

Колхоз председатели, Социалистік Еңбек Ері В. Ф. ЖИТНИК.
Бастауыш партия ұйымының секретары Н. И. ТЕРНОВОЙ.
Комсомол ұйымының секретары А. П. МОСУРОВ.
Селолық Совет председатели Д. О. ГРУЗДОВ.
Колхозшылар: Е. К. РЕЦЛОВ, Т. ИШПЕТБАЕВ, А. П. ШОРОВ,
А. К. ЗУЗНЕВ, А. ХАДЖИЕВ, К. АЙСЫНБЕНОВ,
К. Н. КЛИМЧЕНКО, У. АРТАБАЕВ, И. М. ДЕДОВ,
Н. М. ГОНЧАРЕНКО, А. ЕРІБАЕВ, Н. И. ЛЕВИНСКИЙ,

Партияның шақыруымен

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Облыстың партия ұйымдарына колхоздарға барып жұмыс істеуге тілек білдірген басшы, шаруашылық және партия қызметкерлерінен тұскен өтініштер барған сайын көбеюде.

Белюсов руднигінің аға механигі Литовченко жолдас селода еңбек етуге тілек білдірді. Оның шаруашылық жұмыста зор тәжірибесі бар, колхоз өндірісін жақсы біледі.

Майлы дақылдардың тұқымын дайындау және сатып алу

Қазақ ССР Министрлер Советі 1955 жылғы егіннің өнімінен майлы дақылдардың тұқымын дайындау және сатып алу жоспарын бекітті. Республикамызда күнбағыстың, шапшақты зығардың, арыштың, қышаның және күнжіттің тұқымы өткен жылдардан біржарым еседей көп дайындалады және сатып алынады. Өткен жылы қолданған майлы дақылдардың тұқымын сатып алудың бағасы, тұқым

сапасының төмендігі үшін кемітілген баға мөлшері, дайындау мен сатып алудың басқа да шарттары сақталды. Шарттар жасаған кезде колхоздарға сатып алынатын майлы дақылдардың тұқымы құнының 15 проценті мөлшерінде аванс беріледі, ол осы өнімнің алғашқы топтары мемлекетке сату ретінде тапсырылған кезде ұстап қалынады.

(ҚазТАГ).

жыйнауға міндеттенді. Оқушылардың бүкіл қоғамдық пайдалы еңбегі біздің таңдаулы мамандарымыздың, колхоз өндірісі жаңашылдары мен педагогтардың басшылығымен ұйымдастырылады және ол мектептің оқу және тәрбие мақсаттарына бағындырылады.

Оқушылардың білімін механизмдерді басқару, машиналарды жабайы жөндеуден өткізе білу және басқа да практикалық дағдылармен байытып, толықтырып отыру үшін біз оларды кезіргі замандық ауылшаруашылық техникасымен кеңінен таныстыруға ерекше көңіл бөлмекіміз. Бұл жөнінде Қоғалы МТС-і мен механикаландырылған май заводынның коллективтері бізді белсене қолдан отыр. Ол мектепке оқу мастерскойын жабықтау жөнінде көмектеседі және мектеп үйірмелеріне басшылық жасау үшін тәжірибелі мамандар бөледі.

Мектеп құрылысына және оны көркейтуге, оның кабинеттері мен лабораторияларын жабықтауға мүмкіндігіне оқушылардың өздері де қатынасады. Бұл оқушылар коллективін топтастыруға, олардың білімін және болашақ дербес өміріне қажетті дағдыларын көп кеңейтуге көмектеседі.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту—барлық колхоз жұртшылығының тән ісі. Біз мектептің алдында тұрған зор және күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда оған жан-жақты көмек көрсетуге міндеттенеміз, колхоз басқармасының мәжілістерінде, партия ұйымында және колхозшылардың жалпы жыйналыстарында өндірістік істермен бірге балаларымызды оқыту және тәрбиелеу мәселелерін де үнемі талқылап отырамыз.

Жолдастар, республикамыздың колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС-терінің, совхоздары мен өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері! Мектепке көмек көрсету жөнінде өзімізге жауапты міндеттемелер ала отырып, сіздерді бізден үлгі алуға және жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу жөнінде, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде, алдымыздағы оқу жылында оқуды бастауға үлгі және уақытылы өзіндік жасау жөнінде өкелік қамқорлық жасауға шақырамыз.

Өрбір ірі колхозда, әрбір совхоз бен МТС-те, әрбір ірі өнеркәсіп орны жанында барлық жағынан шын мәніндегі жақсы мектеп болуға тиіс.

Біздің балаларымызды социалистік қоғамның дені сау, және ширақ, мәдениетті, білімді және еңбексүйгіш азаматы, коммунизмнің белсенді құрылысшысы етіп тәрбиелеу үшін барлығын істейміз.

Бұл—біздің абройлы ісіміз, патриоттық борышымыз.

Қ. ТІЛЕУБЕРДИН.

Рационализаторлық ұсыныстар

Қаладағы кәсіпшілік артельдерінің коллективі Бірінші Май қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, бұл даңқты мерекені жаңа өндірістік табыстармен қарсы алу үшін күресуде. Мұнымен бірге олар рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске батыл енгізіп, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге жетісуде.

Панфилов атындағы кәсіпшілік артельінің жұмысшысы Музычук жолдас жүн түту машинасына киізді қолмен жаю орнына, оны механикаландырылған әдіспен жаюды ұсынды. Бұл әдісті қолдану киіз жаюшылардың еңбегін едәуір жеңілдетті, мемлекетке 25 мың сом пайда келтірді. «Молот» артельінің жұмысшылары ұш рационализаторлық ұсыныс енгізді.

Р. ТӘУЕНОВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия жыйналысы — тәрбие мектебі

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысы партия ұйымдарының алдына орасан зор міндеттер қойды.

Коммунистердің белсенділігін іскерлік қабілетін арттыруда партия жыйналысының зор маңызы бар. Партия жыйналысы тәрбие мектебі болып саналады.

Соңғы айларда Петропавл ауданының көптеген бастауыш партия ұйымдарында партия жыйналыстары жоғары дәрежеде өткізіліп келеді деуге болады.

Жыйналысқа коммунистер белсене қатынасады. Бұған мысал ретінде «Луч Ленина» колхозы бастауыш партия ұйымының жұмысын алуға болады.

Мысалы осы жылдың февраль айында колхозда ашық партия жыйналысы өткізілді. Онда «СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асыруға байланысты бастауыш партия ұйымының міндеті туралы» мәселе қаралды.

Партия жыйналысында 14 адам сөз сөйледі. Олар мал қыстаудың барысын-

налысқа дайындалып келуіне мүмкіншілік берілмейді. Осыдан келіп партия жыйналысы тек бригаданың өндірістік шеңберіне ұқсас болып өтеді.

Осындай партия жыйналысы Сталин атындағы колхозда болып өтті. Жыйналысқа өсетегі 10 коммунистің жетеуі ғана қатысты.

Сайын келгенде, бұл колхоздағы партия жыйналысы январь Пленумының қаулысын орындау жолында колхозшыларды еңбекке жұмылдыру туралы түйінді шешімдерге көлестен тарасты.

Мұндай фактілер ауданның Чапаев атындағы, Калинин атындағы, Ворошилов атындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдарынан да кездеседі.

Партия жыйналысының шын мәніндегі тәрбие мектебі болу үшін, ең алдымен, оған жақсы әзірлену керек. Әзірлікте ескеретін мәселе: баяндамашының баяндамаға жан-жақты әзірленуі.

ТАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР

Тары — қорғаныс қажеті үшін маңызы бар аса бағалы азықтық дақылдардың бірі. Ақталған тарының жұрымдылық және дәмділік сапасы жоғары болады.

Азық ретіндегі маңызына қоса, тарының жемшөптік маңызы да зор. Тарының сабаны жемшөптік қасиеті жағынан жақсы сапалы піппенмен барабар дәрік.

Тары жылылықты ұнататын және қуаңшылыққа төзімді дақыл. Оның тұқымы топырақтағы жылу 8-10 градус болғанда өне бастайды.

Тары өнгенде жалғыз ғана тамырша шығарады, сөйтіп өзінің өсіп-өнуінің алғашқы 20-25 күнінде өте баяу өседі. Тары 25-30 күннен соң кейде тіпті оданда кеш түптенеді.

Соңғы жылдарла тары дақылына көңіл бөлудің нашарлауы салдарынан оны жыртылған ескі жерлерге, қарасулы, бидайық, қалуен сыяқты арам шөптер басып кеткен жерлерге егуге жол берілді.

Әдетте тары көктемде жыртылған жерге өте кешіктіріліп, егістіктер арамшөптерден алдын-ала тазартылмастан құрғақ топыраққа егіліп келді. Мұның салдарынан көптеген колхоздар өнімді аз алады және көп егіннің шықпай қалуына жол береді.

ТАРЫ ЕГІСІН ОРНАЛАСТЫРУ

Тары шымы аударылып жыртылған жерге егілетін дақыл ретінде, ең алдымен, жыртылған тың және тыңайған жерлерге, көпжылдық шөптердің орнына, зыбке жыртылған аударма тыңға егілуге тиіс.

Тарыны жұмсақ жерлерге егу үшін арамшөптерден, әсіресе көгентамырлы және тереңтамыр жаятын арамшөптерден таза жерлерді іріктеп алу керек.

Тары егу үшін іріктеп алынған учас-токтерге қалыңдығы 50 сантиметр және онан да көп қар тоқтатылуға, ал көктемде қар суы міндетті түрде бөтелуге тиіс.

ТОПЫРАҚТЫ ӘЗІРЛЕУ

Тары топырақты жоғары сапалы өңдеуді талап етеді. Тарының ұсақ тұқымдары топырақтың кесек болуына және көп-

шіріп бітпеген жоғарғы қабатын оның үстіне қайта аударып шығармау үшін тыңның бұрынғы жыртылған тереңдігінен сәл ғана саяздау тереңдікте шолақ түрені бар плугтермен немесе қайырмасыз плугтермен 40 сантиметрге дейінгі тереңдікте жыртылады.

Тары егуге арналып жұмсақ жерде жыртылған пар Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша бапталып, онда ықтырма егілуге тиіс.

ТАРЫНЫҢ СОРТТАРЫ, ТҰҚЫМ ЕГУГЕ ӘЗІРЛІК

Тары тұқымының жоғары сапалы болуы — мол өнім алудың аса маңызды шарты. Тұқымның сапасы таза сорттылығымен, сол сыяқты өнгіштігімен белгіленеді.

Қазақстан колхоздары мен совхоздарындағы тарының аудандастырылған және перспективті әженгеуір сорттары бар, олар мынадай: «саратовское 853», «долинское 86» сорттары, жергілікті сорттардан «Жымпитының ақ тарысы», «ойыл», «торғай» сорттары, перспективті сорттардан — «карагандинское 3151», «семиналатинское 425» және басқалар.

Озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесі көрсеткеніндей, сортты тұқымдарды егу қатардағы тұқымдарды егумен салыстырғанда тарының шығымдылығын 25-30 процент арттырады.

Егу үшін тарының салмақты, жақсы тазартылған және сортталған тұқымдарын іріктеп алу қажет. Тұқым тазартуды, оның өнгіштігін тексеруді күнілгері жүргізу керек; өнгіштік дәрежеге жеткізілмеген тары тұқымын егуге болмайды.

Тары тұқымының өсу және өнгіштігін арттыру мақсатымен оны сепшестен бұрын 5—7 күн бойына күннің көзіне қыздырылады. Тарының тұқымын қарақұйымен зияндабайтын етіп дорілеу қажет. Тұқым себерден екі-үш күн бұрын 300 литр суға 40 проценттік бір литр формалин араластыру есебінен формалинмен дәріленеді.

ТОПЫРАҚТЫ ЕГІС АЛДЫНДА ӨНДЕУ

Тары топырақ қажетті мөлшерде жылығаннан кейін себілетін болғандықтан егіс алдындағы өңдеу жұмысы топырақты ылғалдың сақталуын және арамшөптердің құрғытуын қамтамасыз етуі керек.

Ерте көктемде топырақ жетілгеннен кейін тырмалау арқылы топырақтың ыл-

ды 2—3 ізбен тырмалау жолымен ылғалдың бетін ерте жабу және екі рет культивациялау жұмысы жүргізіледі. Бірінші рет культивациялау тырмалаудың ізінше, екінші рет — арамшөптердің тұқымы көктем шыққаннан кейін жүргізіледі.

Тары екенде катоктарды қолдану агротехникалық міндетті тәсіл болып тобылады. Механикалық құрамы жеңіл, борпылдақ топырақта, сол сыяқты тыңның шымы қыстықүні жеткілікті тығыздалмай арасында қуыс қалуы мүмкін болған жағдайда егіс алдында топырақты ауыр катоктармен екі рет тырмалауды және тұқым себумен бір мезгілде жеңіл катоктармен өңдеуді қолдану қажет.

ТАРЫНЫ ЕГУ

Тары — жылылықты сүйетін дақыл. Оның тұқымы топырақ 10 сантиметр тереңдікте 10—12 градусқа дейін жылынғанда ғана біркелкі қаулап өне бастайды.

Тары суықты сезгіш келеді. 3—5 градус суық жаңа көктем шыққан тарыға зор, ал кейде тіпті апатты зыян келтіреді.

Көктемнің нақтылы жағдайларына сәйкес, тарыны топырақтағы температура 10 сантиметр тереңдікте 8—10 градус жылылыққа жеткенде ғана егу керек.

Тары егу мейлінше қысқа мерзімде, әрбір шаруашылықта әрі кеткенде үш-төрт күннің ішінде аяқталуға тиіс.

Жыртылған тың жерге, аударылған тыңға және арамшөптен таза парға тарыны кәдімгі қатарлы әдіспен егу керек.

Арамшөп шығуы мүмкін жұмсақ жерлерге, сол сыяқты балшықтанып тығыздалған топыраққа тары кең қатарлы әдіспен егілуге тиіс.

Тарының шығымдылығын арттыру үшін тұқым себу нормасының зор маңызы бар. Тұқым себу нормасы кем болса егін сирек шығады, ал себу нормасының жоғары болуы егіннің жиі болуына, сөйтіп өсімдіктердің нәзік, пашақтарының ұсақ болуына және өнімнің кемуіне әкеліп соғады.

Әрбір колхоз бен совхозда тарының себу нормасын жергілікті жағдайларға байланысты белгілеу қажет. Тұқым себудің

не 2—3 центнер суперфосфат есебінен суперфосфатпен араластырылған көң тоғу керек. Минералдық тыңайтқыштарды топырақты егіс алдында баптамастан бұрын енгізген жақсы болады. Тыңайтқыштар енгізудің мынадай нормалары ұсынылады: азотты тыңайтқыштар — әр гектарына 1—1,5 центнерден, калийлі тыңайтқыштар — әр гектарына 0,5—0,75 центнерден, фосфорлы тыңайтқыштар — әр гектарына 1,5—2,0 центнерден.

Бактериялық тыңайтқыштарды (азотобактерия, фосфобактерия) кеңінен қолдану керек. Бұл тыңайтқыштар егіс алдында тиісті тәртіпте өңдеу жолымен топыраққа тұқыммен бірге енгізіледі.

Әресе жерді жырты алдында тыңайтқыш енгізілмеген жағдайда тарыны минералдық тыңайтқыштармен үстеп көректендіру өте пайдалы. Үлгі ретінде мынадай нормалар ұсынылады: әр гектарға 0,5—0,7 центнер сульфатаммоний, 1 центнер суперфосфат. Әресе тұқымдық және суармалы учасоктердегі тарыны үстеп көректендіру керек.

ТАРЫ ЕГІСІН БАПТАУ

Тарыны жыртылған тың жерге және аударылған тыңға екенде, әдетте, егістің арам шөбін отау қажет болады.

Көктемнің нақтылы жағдайларына сәйкес, тарыны топырақтағы температура 10 сантиметр тереңдікте 8—10 градус жылылыққа жеткенде ғана егу керек. Мұның өзінде топырақтың құрғап кетуіне жол беруге болмайды.

Тары егу мейлінше қысқа мерзімде, әрбір шаруашылықта әрі кеткенде үш-төрт күннің ішінде аяқталуға тиіс.

Жыртылған тың жерге, аударылған тыңға және арамшөптен таза парға тарыны кәдімгі қатарлы әдіспен егу керек.

Арамшөп шығуы мүмкін жұмсақ жерлерге, сол сыяқты балшықтанып тығыздалған топыраққа тары кең қатарлы әдіспен егілуге тиіс. Бір жолды кең қатарлы әдіспен екенде қатараралықтардың кеңдігі 45 сантиметр, екі жолды ленталы әдіспен екенде қатараралықтардың кеңдігі 45—60 сантиметр, ал жолдардың арасы 15 сантиметр болуға тиіс.

Тары пашақта тұрған күйінде бірқалыпты піспейді. Піскен тары жыйнамай көп тұрып қалса құйылып түседі, мұның өзінде неғұрлым піскен және толық дән тезірек құйылады.

ашты. Оны жоюдың жолдарын белгіледі. Жыйналыста айтылған орынды сындар мен жақсы пікірлердің барлығы ескерілді және іс жүзіне асырылды. Партия ұйымының секретары Дрягин жолдап өткен жыйналыстың орындалу барысы туралы келесі жыйналыста хабар жасап отырады.

Алайда, ауданның кейбір бастауыш партия ұйымдарында партия жыйналыстары өз дәрежесінде өткізілмей келеді. Оның негізгі себебі сол — біріншіден, қаралатын мәселе алдын-ала ойластырылмайды. Кейде қаралатын мәселе көзқарай күнде-күнгі өмірінен шалғай жатады. Екіншіден, тіпті сол мәселенің өзі де коммунистерге күнбұрын хабарландырылмайды. Сөйтіп, коммунистердің жый-

туғызуға, коммунистердің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін арттыратындай дәрежеде болуға тиіс.

Партия жыйналысының идеялық жағары дәрежеде өтуі үшін партия ұйымының секретары көп жұмыс істеуге міндетті. Ол жыйналысқа дайындық жұмыстарын басқарып қана қоймай, сонымен қатар жыйналыстың әсерлі болуын қамтамасыз ете білуі керек. Әрбір жыйналыстан коммунистер алда тұрған міндетті, партия ұйымының міндетін, өздерінің не істейтіндіктерін нақтылы біліп шығуы керек. Қабылдаған қаулының қысқа, түсінікті жазылғаны жөн. Партия ұйымының секретары ол қаулының орындалуын ұйымдастырып отыруға тиіс.

Г. АБРОСИМОВ.

тылмауына төзімсіз келеді.

Тары егілетін тың және тыңайған жерлер көктемгі-жазғы маусымда шолақ түренді плуттермен кемінде 23-24 сантиметр тереңдікте, ал жыртылатын қабаты таяз жерлерде—сол жыртылатын қабат тереңдігінде жыртылуға тиіс. Барлық жағдайда топырақ тереңдеткіштерді қолданған тиімді болады. Жыртудан кейін алшақтыққа жол берілмей топырақ бір мезгілде тырмаланып, дискілі культиваторлармен өңделеді.

Тары егу үшін жыртылған тың және тыңайған жер парды баптау әдісімен жаз бойы бапталады. Июльдің орта шенінде парға қар тоқтату үшін сабағы ұзын өсімдіктерден (горчицадан немесе күнбағыстан) ықтырма егіледі.

Тары егілетін аударма тың топырақтың

ғағы жабылады. Бұл жұмыс ылғалдың оуға айналып кетуіне жол бермеу үшін мейлінше қысқа мерзімде жүргізілуіне тиіс. Тарыны өткен жылғы нар немесе зябь жыртылған және шым қабаты жақсы өңделген тың жерге екенде көктемде дискілеу қажет емес. Мұндай жағдайда топырақ тек тұқым себу алдында екі-үш ізбен тырмаланады.

Ал дискілеу қажет болған жағдайда бұл жұмыс топырақ өңдеу үшін жетілгеннен кейін дереу ерте көктемде жүргізілуіне тиіс.

Аударылған тыңды егіс алдында дискілеу немесе культивациялау топырақ тырғыдалып қалғанда немесе арам шөптер көктем шыққан жағдайда ғана жүргізіледі, топырақ дискілеумен бір мезгілде тырмаланады.

лограмма есебінен) мынаны ұсынуға болар еді:

Бағыс облыстарда	Солтүстік, солтүстік-шығыс облыстарда
Жалпай қатарлы өдіспен екенде	10—12 16—20
Кең қатарлы өдіспен екенде	8—10 10—12
ТАРЫ ЕГІЛЕТІН ЖЕРДІ ТЫҢАЙТУ	

Топыраққа тыңайтқыштар енгізу тары үшін өте жақсы әсер етеді. Тары өсіруші озаттар жерді терең жырты және тұқым сеппес бұрын баптау алдында топыраққа тыңайтқыштар енгізеді. Зябь жыртылатын жерге әр гектарына 8—10 тонна көң жа-

жадықталмаған қомаңдар тары өнімнің көп ысырап болуына жол береді.

Тарының дәні жыйнағанда, әдетте, өте ылғалды болады, ал ол астықтың қырманда қызып, бүлінуіне әкеп соғады. Тарының қызып, ысырап болуына жол бермеу үшін мына шараларды қолдану қажет:

- а) қырманда астықты тазарту егін жыйнаумен қатар ұйымдастырылуға тиіс;
- б) тазартылғаннан кейін тарыны дереу кептіру жұмысын ұйымдастырып, дәнді ылғалдылығы жағынан кондициялы дәрежеге жеткізу керек;
- в) астықты вялкалап, кептіру жұмысы жабық қырманда жүргізілуіне тиіс.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылық насихатының бас басқармасы.

РСДЖП-ның үшінші съезі

(Ашылған күніне 50 жыл толуына)

Россияда бірінші орыс революциясы тұтанып кетті. Революцияның өрлеуі жұмысшы табының партиясынан бұқараға дұрыс және берік саяси басшылық етуді талап етті. Алайда РСДЖП меньшевиктердің оппортунизм мен іштен бүлдірушілік әрекеттері салдарынан екі фракцияға—большевиктер мен меньшевиктерге бөлінген еді. Іс жүзінде бұл екі фракция әр түрлі екі партия сияқты болды. Большевиктер мен меньшевиктер революцияның сыпаты мен қозғаушы күштері туралы, пролетариаттың революциядағы міндеті туралы әр көзқараста болды. Ленин, большевиктер мұндай дағдарыстан құтылудың бірден-бір жолы партияның үшінші съезін жедел шақыру деп білді.

Съезге партияның барлық ұйымдары, большевиктік ұйымдар да, сондай-ақ меньшевиктік ұйымдар да шақырылды. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартып, өз съездерін шақыруды ұйғарысты. Алайда, делегаттары небары 9-ақ комитеттен жыйналып, өте аз болғандықтан меньшевиктер өздерінің съезін конференция деп атады. Іс жүзінде бұл меньшевиктік съезі болды. Өйткені оның қарарларын орындау барлық меньшевиктерге міндетті еді.

Большевиктердің съезі Лондонда, меньшевиктердің конференциясы Женевада ашылды.

* * *

РСДЖП-ның III съезі 1905 жылы 12 (25) апрельде ашылып, өзінің жұмысын 27 (10 майда) апрельде аяқтады. Съезге партияның барлық ірі ұйымдары өз өкілдерін жіберді. Съездің бүкіл жұмысы Лениннің басқаруымен өткізілді. Ленин съезде қарулы көтеріліс туралы, социал-демократияның уақытша революциялық үкіметке қатысуы туралы, шаруалар қозғалысына көзқарас туралы және басқа да бірқатар мәселелер бойынша сөз сөйледі. Барлық негізгі мәселелер бойынша съезд қарарлардың лениндік жобаларын бірауыз-

дан қабылдап, солардың негізінде партияның революция кезіндегі тактикалық линиясын белгіледі. Съезд Россияда бастаған революцияның сыпатына, ерекшеліктері мен қозғаушы күштеріне Ленин берген терең және жан-жақты бағаны ескерді.

Бірінші орыс революциясы өзінің сыпаты жағынан буржуазиялық революция болды. Өйткені оның тікелей міндеті царизмді құлату, демократиялық республика орнату, помещиктердің жерлерін конфискелеу, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу болды. Бұл міндеттер капитализмнің негіздерін шайқалтпайтын еді. Алайда орыс революциясының өзіне тән ерекшеліктері де болды. Ол әдеттегі буржуазиялық революцияларға ұқсамады. Бұл халықтық революция, капитализмнің қайшылықтары шегіне жете шиеленісіп кеткен империализм дәуіріндегі бірінші буржуазиялық демократиялық революция болды.

Батыстағы революциялар тап күресінің әлі нашар дамыған жағдайларында өтті. Революцияның көсемі ролін либералдық буржуазия атқарды. Себебі ол кезде пролетариаттың қатары аз, әлсіз еді және өзін күреске бастай алатын партиясы жоқ болатын. Міне осы жағдайларда ол дербес саяси күш бола алмады да, буржуазияның соңынан ерліп отырды.

Россияда 1905-1907 жылдардағы революцияның көсемі ролін революцияшы пролетариат атқаруға тиіс болды. Бұл уақытта большевиктік партия басқарған пролетариат дербес саяси күшке айналды.

В. И. Ленин еңбекшілерді қанаудан азат ету жолындағы революциялық күреске пролетариаттың гегемондығы туралы маркстік қағиданы жан-жақты дамытты. Пролетариаттың буржуазиялық - демократиялық революцияда гегемон, көсем болуына барлық мүмкіншіліктер бар еді. Алайда бұл мүмкіншіліктердің шындыққа айналуы үшін белгілі шарттарды жүзеге

асыру қажет болды. Атап айтқанда, жұмысшы табы мен шаруалардың пролетариаттың басшылығы сақталған одағы және либералдық-монархиялық буржуазияны бұқарадан ажырату саясатын жүзеге асырмайынша, пролетариаттың революциядағы гегемондығы дегеніміз бос сөз болып шығар еді.

Лениннің бұл идеяларының съезде партияның революциядағы тактикасын белгілеу үшін және ең алдымен халықтың қарулы көтерілісінің негізгі саяси міндеттерін белгілеу үшін зор маңызы болды. Қарулы көтеріліс туралы мәселені III съездің шешуінде бұл революцияда пролетариат көсем бола алады және болуға тиіс дейтін идея негізгі қағида болды.

Съезд былай деп тапты: пролетариатты самодержавиеге қарсы қарулы көтеріліс арқылы тікелей күреске ұйымдастыру міндеті партияның сол кездегі ең басты және кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып табылады. Қарулы көтеріліс жалпай сыпат алуға тиіс.

Қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде меньшевиктер мүлде қарама-қарсы позицияда болды. Олар көтеріліс кездейсоқ процесс және оны дайындау мүмкін емес деп есептеді. Меньшевиктер бұқараны қару-жарақпен емес, «өзін-өзі қаруландырудың аса өткір қажеттігімен» қаруландыру керек дегенді ұсынды. Олар қарулы көтеріліс жасайтын уақыт әлі жеткен жоқ, мұндай көтеріліс бола қалған күнде, мұның өзі либералдық буржуазияны үркітпін алғандық болар еді, деп мәлімдеді. Сөйтіп меньшевиктер революцияны өрістетуге емес, оны тұншалатуға бағыт ұстады, царизмді қарулы көтеріліс арқылы құлатудың орнына, оны реформа арқылы жоюды немесе «жетілдіруді» ұсынды.

Партияның III съезі уақытша революциялық үкімет құру мәселелеріне көп назар аударды. Өзінің баяндамасында және қарардың жобасында Ленин ең алдымен

демократиялық республика жолындағы күрес үшін революциялық үкіметтің қаншалықты маңызы бар екендігін анықтады. Съезд былай деп мәрсетті: өзінің міндеттерін орындау үшін және царизмді түпелікті жеңуді қамтамасыз ету үшін уақытша үкімет пролетариат пен шаруалардың революциялық - демократиялық диктатурасы болуға тиіс. Бұл үкімет өзінің бағыт шабуылының қыймылдарымен контр-революциялық күштерге қарсы аяусыз күрес жүргізуге тиіс. Бұл диктатура қаруланған халыққа арқа сүйеуге тиіс. Жаңа үкіметтің таптық мазмұны жеңген таптардың одағы—пролетариат пен шаруалардың одағы болуға тиіс.

Меньшевиктер большевиктердің бұл тұжырымдарына қарсы шықты. Олар пролетариат пен шаруалардың өкіметті жаулап алу мүмкіндігін және олардың диктатурасын жоққа шығарды. Меньшевиктер өкімет либералдық буржуазияның қолына берілуге тиіс деп есептеп, либералдық буржуазияның диктатурасын ұсынды.

Съезд мынандай тоқтамға келді: таптық күштердің белгілі арасалмағы жағдайында демократиялық төңкеріс дәуірінде социал-демократия өкілдерінің бұл үкіметке қатысуы мүмкін ғана емес, сонымен бірге қажетті де. Мұндай қатысу үкіметке «жоғарыдан» ықпал жасау болып табылады. Партия революциялық ықпалдың «жоғарыдан» жасалу, үкіметтің өз ішінен жасалу мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге «төменнен», пролетариат тарапынан жасалуын да қажет деп тапты. Қаруланған пролетариаттың үкіметке үнемі ықпал жасау мақсаты әрі қарапайым, әрі түсінікті. Бұл мақсат мынандай: революция жаулап алған жеңістерді нығайту және онан әрі кеңейту, бүкіл социал-демократиялық программа-минимумды жүзеге асыру, демократиялық республика құру, буржуазиялық демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы үшін қажетті жағдайларды әзірлеу.

Меньшевиктердің Женева конференциясы уақытша революциялық үкіметке социал-демократияның қатысуына қарсы

шықты. Конференция басталғанға дейін ақ меньшевиктік «Искра» газеті үкіметке «тек төменнен ғана» ықпал жасауды жақтаған пікір айтты. «Искраның» принципі: «тек төменнен ғана, еш уақытта да, жоғарыдан емес деген принцип анархистік принцип»,—деді Ленин съезде (Шығармалары, қазақ тілінде, 8 том, 408 бет).

Лениннің уақытша революциялық үкімет туралы және пролетариат пен шаруалардың революциялық - демократиялық диктатурасы туралы партияның III съезінде қабылданған тактикалық қағидаларының халықаралық зор маңызы бар. Бұл қағидалар халықтық демократия елдерінің коммунистік және жұмысшы партияларының стратегиясы мен тактикасында творчестволықпен қолданылды.

Партияның съезі шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарар қабылдады. Большевиктер шаруа мәселесін пролетариат диктатурасы туралы жалпы мәселенің бір бөлегі болып табылады деп есептеді. Көп миллиондаған шаруалар бұқара-сы Россия пролетариатының революциядағы табиғи одақтасы болды. Россия шаруалары жерінің аздығынан, жоқшылық пен ашаршылықтан күйзеліске ұшырап отырды. Сондықтан да шаруа мәселесі Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның өзекті мәселелерінің бірі болды. Шаруалар бұл революцияның толық жеңісіне әбден мүдделі болды. Бұл жағдай оны жұмысшы табының басшылығымен царизмге және помещиктерге қарсы күреске аттана алатын пролетариаттың одақтасына айналдыруда болды.

Өзінің баяндамасында В. И. Ленин шаруалар қозғалысын қолдау туралы қарар жобасының негізгі қағидаларын теориялық жағынан терең негіздеп берді. Бұл мәселе жөнінен съезд қарардың лениндік жобасын бірауыздан қабылдады. Съезд пролетариаттың гегемондығы сақталған жұмысшы табы мен шаруалардың жауынгерлік одағын нығайту жолындағы күрес жолдары туралы анық нұсқаулар берді. Съезд пролетариат партиясы өзінің міндеті ретінде шаруалардың барлық революциялық шараларын, олардың жағдайын

жақсартатын шараларды, помещиктердің жерлерін конфискелеу сияқты шараларды да қолдап, отыратынын халық арасында кеңінен насихаттауды жергілікті партия ұйымдарына тапсырды.

Съезд шаруаларды полицейлік-чиновниктік және помещиктік езуден құтқару мүддесімен жүргізілген барлық революциялық-демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру мақсатымен революцияшы шаруа комитеттерін дереу ұйымдастыру қажеттігін көрсетіп берді.

Женева конференциясында меньшевиктер шаруа мәселесінде де оппортунистік позиция ұстады. Олар революцияшы шаруа комитеттерін дереу ұйымдастыру қажеттігін теріске шығарды. Меньшевиктер шаруаларды революцияға араластырығысы келмеді.

Тек большевиктер ғана шаруа мәселесін шешуде бірден-бір дұрыс, дәйекті революциялық бағыт ұстады.

Партияның III съезі «басқа партияларға көзқарас туралы» «РСДЖП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас туралы» қарар қабылдап, партия тұрмысы мәселелерін қарады, партияның жаңа Уставын бекітіп, басқа да қарарлар қабылдады.

* * *

Партияның III съезінің тарихи маңызы мынада: съезд барлық большевиктерді маркстік позицияларда идеялық және ұйымдық жағынан топтастырып, оларды революцияшы, пролетарлық тактикамен қаруландырды. Мұның арқасында бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ большевиктердің өз стратегиясы мен тактикасы болды.

В. И. Ленин 1905 жылдың июль айында жарыққа шыққан өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дейтін атақты кітабында III съездің қарарларын, большевиктердің революциядағы стратегиялық жоспары мен тактикалық линиясын теориялық жағынан данышпандықпен негіздеп берді.

Е. ЛАРЬКИНА.

КӨКТЕМГІ ЕГІС ҚАРСАНЫНДА

Астық молшылығын жасаймыз

Біздің колхоздың колхозшылары МТС механизматорларының күнбе-күнгі көмегінің нәтижесінде өткен жылы егіншіліктің мәдениетін арттыруда айтарлықтай табыстарға ие болды. Егіннің шығымы жақсы болуы астықтың жалпы түсімі молаяна, мемлекетке астықты көптеп тапсыруға мүмкіншілік берді. Алдағы егіске қажетті тұқым мол әзірленді және колхозшылардың еңбекшүндеріне астық көп берілді. Сонымен бірге қоғамдық мал үшін мыңдаған центнер концентрат азықтары дайындалды. Осының нәтижесінде колхоз малы қыс бойы концентратпен азықтандырылып келеді. Мұның өзі мал құстатуды табысты өткізуге қолайлы жағдай жасап отыр.

Колхозда егіншіліктің мәдениеті де арта түсуде. Мұның өзі колхоздың мемлекеттік сауда орындарына 44 мың пұт астық сатуына, сөйтіп егіншіліктен ақпалай 769 мың сом табыс алуына бірден-бір жағдай жасады. Сөйтіп бұл жылда колхоздың жалпы ақпалай кірісі 1 миллион сомнан асты.

Колхоздың экономикасы нығая түсуінің нәтижесінде біз өткен жылы 4 жүк және бір жеңіл автомобиль сатып алдық. Бұдан басқа бір двигатель және көптеген құрылыс материалдары сатып алынды.

Біз қол жеткен табысты баянды ету үшін үстіміздегі жылы егіс көлемін ұлғайту және оның өнімділігін арттыру арқылы астықтың жалпы түсімін өткен жылғыдан бір жарым есе арттырамыз. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана мемлекеттік сауда орындарына 80 мың пұт астық сату жоспарланды. Мұны мінсіз жүзеге асыруға бізде мүмкіншіліктер жеткілікті.

Өткен жылы колхозда 1300 гектар тың және тыңайған жерлер игерілсе, ол түгелімен агротехникалық ережелерге сай өңделді. Быйғығы көктемде біз бұл участокті бір рет тырмалаймыз да іле тұқым себеміз.

Үстіміздегі жылғы колхозда егіс көлемі

Егіске әзірлік тез аяқталсын

Көктемгі дала жұмыстарының басталатын кезі жақындап келеді. Сондықтан да Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мүшелері егіске әзірлікті толық аяқтау жолында жанаймай еңбек етуде. Колхоз үстіміздегі жылы 6600 гектар жерге егін еседі. Мұның көпшілігі дөңді дақылдар. Колхозшылар дөңді дақылдар тұқымын жеткілікті етіп әзірледі. Тыңайтқыш жыйнауды ойдағыдай жүргізіп келеді. Қолдағы бар 20 арба, астық тасыйтын 15 жәшік, басқа да құрал-саймандар толық жөнделіп бітті. Бригада-

өткен жылғыдан 1450 гектар ұлғайтылуы, сөйтіп егістің жалпы көлемі 5600 гектарға жеткізілуі көзделіп отыр. Колхозда бұл егістің 80 проценті дайын жерге орналастырылады.

Колхозшылар ішкі мүмкіншіліктерді есептей келіп, көктемгі егісті он жұмыс күнінде аяқтауды жоспарлады. Бұл үшін колхозшылар және колхозды қамтыйтын Чистая МТС-нің механизматорлары көктемгі егіске мұқият әзірленіп отыр.

Быйғы біз малазырындық дақылдар егісінің көлемін өткен жылғыдан едәуір ұлғайтамыз. Тек жүгерінің өзі ғана 500 гектарға жеткізіледі. Көкпен үшін 300 гектар сулы, құнарлы жемішпен үшін 100 гектар біржылдық екпешөптер, 40 гектар тамыржемісті өсімдіктер, сүрлем үшін 60 гектар күнбағыс егіледі. Бұл дақылдардың тұқымы колхозда жеткілікті.

Көктемгі егісті үлгілі өткізу үшін МТС колхозға 14 трактор бөлсе, оның 11-і шынжыр табанды тракторлар. Трактор бригадалары ауылшаруашылық машиналармен жеткілікті жабдықталды.

Сонымен бірге көктемгі егіс жұмыстарының барлығы трактор күшімен атқарылатын болғандықтан біз тракторлардың қуатын тиімді пайдалануға барлық жағдайларды жасаймыз. Трактор бригадаларына қажетті жұмыс адамдары және күш көліктері жеткілікті бөлінді.

Колхозда механизматорлар мен колхозшылардың мәдениетті тынығуы үшін үш вагонша әзірленді. Егіншілер көктемгі егіс кезінде үш мезгіл ыстық аспен тамақтандырылады. Колхоз қоймасында ұн, картоп, овоштар және басқа тағамның түрлері де мол. Ет үшін екі өгіз және екі шошқа семіртілуде.

Егіс және трактор бригадалары көктемгі егіс жұмыстарын тығыз ынтымақта өткізе отырып, көктемгі егісті тұжырымды мерзімде сапалы өткізетін болады.

Д. МЕНЬКОВ,

Конюхов ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі.

Колхозда кезір бұл үшін участок белгіленді, басқа да әзірлік жұмыстары жүргізіліп келеді.

Дегенмен көктемгі дала жұмыстарына әзірлікке кемшіліктер де бар. Мәселен, 41 центнер жүгері, 300 центнер картоп, 112 центнер біржылдық және көпжылдық тұқымдары мүлдем әзірленбеген. Осыған қарамастан бұл дақылдардың тұқымын дереу қарастыру, астық пункттерінен жүгері тұқымын тасып жеткізу жұмыстарын колхоз басқармасы (председателі Әбілтин Жолдас) ойдағыдай

БАҚЫТТЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ТУРАЛЫ ФИЛЬМ

Құнды картина

Облыс кинотеатрларында көрсетіліп жатқан Алматы киностудиясы жасап шығарған «Дала қызы» кинофильмі тасырлар бойы теңсіздікте келген қазақ әйелдерін Ұлы Октябрь революциясының бостандық өмірге жеткізіп, бақытқа бөлегендігін әңгіме етеді. Совет өкметі жылдарында қазақ халқының, оның ішінде қазақ әйелдерінің жаңа өмір жасауына қажырлық жасап, басшылық өткен ұлы орыс халқы мен партия өкілдерінің бейнесі фильмде едәуір тәуір көрсетілді. Фильмде жетім қыз Нұржамалдың оқуға барып дәрігер болуы, кейіннен медицина ғылымына өз еңбегімен үлес қосуы, Қарашаштың әншілік өнерінің шарықтауына кең жол ашылуы, көшпелі ауылдың орнына, азғана жылдың ішінде сәулетті село орнауы Совет Үкметі мен Коммунистік партияның қажырлығы арқасында ғана мүмкін болғандығы фильмнен айқын көрінеді.

Нұржамал өз мамандығына шын берілген, қиындықты жеңе білетін әйелдің образы. Бұл образды экранда түңпеш рет көрінген жас артистка Зәмзәгуа Шәріпова бар қабілетін сала ойнап, өте шебер етіп бейнелеп берген. Шәріпова орындаған Нұржамал образы көп уақыт бойы зрительдің есінде қалады.

Фильмді қоюшылар біздің елімізде еңбек адамдарының әрқашан да тиімсіз көрмең алып, қиыншылықты ынтымағы күшті коллективке сүйене отырып жеңетіндігі орында көрсеткен. Нұржамалдың алғашқы сәтсіздікке ұшыраған кезінде оның қайғысына ортақтасып, дем берген аудандық партия комитетінің секретары Бектастың қажыр ақылы жас кадрларды тәрбиелеудегі партия мен халық қажырлығының көрінісі.

Біз фильмнің құнды жақтарын айта отырып, мына бір кемшілікті де атап өткіміз келеді. Бектас Жайнақов қазақ ауылдары Коммунистік партия мен Совет үкметінің өкілі, саяси басшы, халықты ұйымдастырушы. Сондықтан партияның басшы қызметкерінің образын бұдан әрі дамытыңқырап, оны халыққа саяси ықпалы күшті, нағыз ұйымдастырушы ретінде көрсету керек еді. Бірақ Бектастың бейнесі фильмде нағыз партия өкілі болып шықпаған. Ол қазақ ауылдарының мәдениетін көтеру, еңбек адамдарына қажырлық жасау және шаруашылыққа басшылық жасау үстінде мүлдем көрінбейді. Бұған ең алдымен сценарийді жазушы Р. Фатуев кінәлі.

Сөзімізді қорықта айтқанда, «Дала қызы» фильмі қазақ әйелдерінің ескі азапты өмірі мен бүгінгі бақытты өмірін салыстыра көрсету арқылы бізге социали-



«Дала қызы» фильмінен кадр.

„ДАЛА ҚЫЗЫ“

Бір кезде азап пен бейнегі үлесіне тиген, тар қапаста зар илеген қазақ әйелдері өнер-білімге, еркін өмірге қанша күмартса да, қорғасындай басқан зілді өмір оларды тырп еткізбеді. Тек Ұлы Октябрьдің қазақ даласына алтын нұрын сепкен шұғылмалы күндері ғана қазақ әйелдерін мәңгі азат етіп, оларға ерлермен бірдей еркін право берді. Оқын мамандық алуына, еңбек етуіне толық жағдай туғызды. Көзір қала экрандарында жүріп жатқан «Дала қызы» кинофильмі Ұлы Октябрь азат еткен, Совет өкметі жылдарында оқын, білім алған қазақ қызының өмір жолын бейнелейді.

Экранда мал оты үшін үнесі жөніп-қонып жүретін ескі қазақ ауылы көрінеді. Ауылдың орта шеніндегі Ақтанбайдың ақ үйінде Ақтанбай мен Әлімхан отыр. Олардың түрінен әлде-неше абыржушылықтың реңі байқалады. «Өзім тірі тұрғанда Советке байлығымды бермесіпін», — деп Ақтанбай кижініп қояды. Олардың ендігі мақсаты амалсыздан ата қонысын тастап, ымырсыған малмен шекарадан өтіп, Тибет асу. Бұл үшін жастай жетім қалған Нұржамалды таудағы құпия жолды жақсы білетін Малбағарға әйел етіп беріп, оны өз мақсаттарына пайдаланбақ болады. Мұны естіген Нұржамал ауырдан қашып кетеді.

Ақтанбай фильмде аз көріне де, оның

кейін, көп көшікпей өзі де аттанады. Өзінің препаратын жаралыларды емдеуге кеңінен пайдаланады. Ері Мұрат ауыр жараланып, Нұржамалдың қолында қайтыс болады. Сүйгенінен айрылу Нұржамал үшін үлкен қайғы еді. Артистка З. Шәріпова өз кейіпкерінің күйініп-сүйінішін, адамдармен қарым-қатынасын, жас совет дәрігерінің кездескен қиыншылықтарды жеңу жолдарын актерлік шеберлікпен, дәл өмірдегідей нанымды етіп шығарған. Міне, сондықтан да зритель артистка З. Шәріпованың орындауындағы Нұржамалдың күйініп-сүйінішіне ортақтас болып отырады.

«Дала қызы» кинофильмінде осындай жетістіктермен бірге кемшіліктер де бар екенін атап өткен дұрыс. Фильмнің оқый-ғасы ұзақ дәуірді қамтыйды. Сондықтан ескі қазақ ауылының өмірін, оның совет өкметі жылдарында өзгерген бейнесін бір фильмде жан-жақты қамту оңай да емес. Дегенмен фильмдегі кейбір көріністер, оқығайра жәлісі сын пікірлер айтуды керек ететін сыяқты.

Нұржамал Ақтанбайдың қанды шеңгелінен құтылу үшін қанып кеткенде, төрт бірдей жігіттің сойыл ала қууы тым дөрекілеу көрінеді. Олардың қуып бара жатқаны қасқыр емес, қаршадай бала ғой.

Ақтанбай көші шекараға бетпен келе

Жастар тілегі

Нұржамал сыяқты ата-анадан жастай айырылып, жетімдік жапасын шекең, бай есігіндегі күшілік өмірдің ауырталығынан зар илеген қазақ қыздарының аяншыты халін мен өз көзімен көргем жоқ. Бұл жайды оқыған кітаптарым, үлкендердің әңгімелері арқылы ғана білетінмін. «Дала қызы» кинофильмі міне осы жайды, Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы қазақ қыздарының ауыр тұрмысын біздерге, бақытты өмірдің нұр сәулесінде тәрбие алған совет жастарына, шынайы түрде көрсетіп берді.

Өрине, ескі өмірдің қара түнегі қанша басқанымен сол кездің өзінде-ақ бостандық алуға ұмтылған, бақытты өмірге талпынған қыздар аз болған жоқ. Олардың кейбірі сол игі тілегіне жете алмай, арманда кетті. Бірақ халық еркі мұқалған жоқ. Кейін олар ұмтылған бостандық пен бақытты өмір жолына Ұлы Октябрь революциясы алтын нұрын шапты. Ғасырлар бойы өмірі өксімен өткен қазақ қыздары енді оқуға ұмтылды, білім алып, барлық халқымызбен бірге жаңа өмір құру ісіне атсалысты. Осындай қыздардың бірі — «Дала қызы» фильмінің басты кейіпкері Нұржамал. Фильмді қоюшылар Нұржамал образы арқылы қазақ қызының өсу жолын нанымды етіп көрсете алған.

З. Шәріпованың орындауындағы Нұржамалдың қуанышы, өзінің әрбір еңбек күнін сүйікті Отанының көркейін, нығая беруіне арнауы совет адамдарына тән қасиет. Оның бойындағы еңбекке деген ынта, адал жолдастық пен кіршісіз таза махаббат бүгінгі жастарымыздың жоғары моральдылығының бір көрінісі. Артистка Шәріпова бұл қасиетті өзінің талантты ойынымен жақсы көрсетеді. Шындығында да өз еңбегінің жалпы іске қосылып жатқан үлес екендігін сезінуден артық қуаныш бар ма? Фильмнің бір құндылығы да, біздіңше, осы мәселенің дұрыс көрсетуінде.

Алматы киностудиясының коллективі «Дала қызы» фильмін жасай отырып, құнды фильмдер жасауға мүмкіншіліктері өбден жететіндіктерін көрсетті. Фильм туралы айта отырып, біздің қояр тілегіміз де бар. Көзір республикамыздың тың жерлерінде мыңдаған жас патриоттар қажырлы еңбек етіп жүр. Олардың еңбегі, сол еңбек үстінде туған тамаша қарым-қатынастары жайында көркем фильмдер жасалса дейміз.

Шейда БАЙДАУОВА,
«1-май» кәсіпшілік артелінің тігіншісі.

ларға берілетін үш вагонша да жөндеуден өткізілді.

Колхоздың егіс даласында бйыл Николаев МТС-нің үш трактор бригадасы жұмыс істейді. Ол бригадаларды 105 колхозшы қамтығын болады. Кәзір колхозшылар егіс бригадаларына бөлінді. Бригада мүшелері белгілі бір жұмыстың саласына тағайындалды және атқаратын қызметіне қарай колхозшыларға көлік, құрал-саймандар бекітіліп берілді.

Көктем кезінде 162 гектар алаң Т. С. Мальцев әдісі бойынша қайырмасыз плуппен 45—50 сантиметр тереңдікте жырталады. Бұл жерге аса бағалы азық-түліктік дақыл — бидай егілетін болады.

Шаруашылықтың жан-жақты дамуы үшін

Үстіміздегі көктемде Ленин атындағы ауылшаруашылық артелі (Октябрь ауданы) 8 мың гектарға жуық егін егеді. Бұл үшін өткен күзде 6350 гектар пар мен зәулі дайындалды. Қыс бойы егіс алаңдарына қар қалың тоқтатылды.

Көктемде 60 гектар тың жер жаңадан жырталуға тиіс. Кәзір тың жыртатын учаске іріктеліп алынды. Сол еыяқты 1200 гектар учаскектің топырағын Мальцев әдісімен өңдеу жоспарланып, әзірлік жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бұл уақытқа дейін колхоз малазығындық дақылдарды өте аз егін келді. Мәселен, 1953 жылы мал жеміне небары 4 гектар жоңышқа, 4 гектар қызылша егілді. Соның өзінде бұл егістіктерден өнім аз алынды. Мал жеміндік дақылдардың аз егілуі колхоздың егін шаруашылығын жоспарлауда қателіктерге жол берудің салдарынан болды. Жоғарыдан келген жоспарды малазығындық дақылдар егісі көлемін ұлғайтуға маңыз берілмеді.

Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту жөніндегі қаулысын жүзеге асыра отырып, бйыл колхозшылар егіс көле

Үлгілі әзірленген бригада

Ленин ауданы, «Тропинка Ильича» колхозының № 4 дала бригадасы бйыл-ыл көктемгі жұмыстарды 8—10 жұмыс күні ішінде аяқтауға, 1500 гектар бидай егісінен 85 пұттан, ал 900 гектар алаңнан 120 пұттан өнім жыйнауға міндеттенді.

Бригада СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді шұғыл арттыру туралы қойып отырған міндеттеріне сәйкес 45 гектар жерге мал азығы үшін жүгері егуді ұйғарды. Жүгері түгелдей шарпы-уялап отырғызылды.

Бұл белгіленген шараларды бригаданың толық орындап шығатын мүмкіншілігі бар. Жаз егілетін дақылдар үшін жер күнілгері жыртылып әзірленген. Оған қыс қар қалың тоқтатылды. Тұқым барлық егістік алаңға жеткілікті мөлшерде дайындалып, кәзір олар зиянды жәндіктер мен түрліше аурулардан сақ-

тандыратын препараттармен уландырыла бастады. Бригадада дайындалған органикалық тыңайтқыш — мал қыбы, құл, күс саңғырығы бар. Олар агротехникалық ережелерге сай, сапалылығы кемейтін жағдайда сақталуда.

Бұл бригада Сенклин жолдас басқаратын трактор бригадасын қамтыды. Кәзірдің өзінде трактор бригадасында істейтін тұқым себуші тағы басқа маусымды жұмысшылар бөлініп, олармен егін егудің озат әдістері туралы бірнеше өңгіме өткізілді. Төртінші бригадада көктемгі егісті өткізудің берік жоспары жасалған. Колхозшылардың әрқайсысы көктемде қандай жұмыста болатынын жақсы біледі.

«Тропинка Ильича» колхозының № 4 дала бригадасының мұндай дайындығы январь Пленумының қаулысын орындап шығуға үлес қосады.

Б. ЕЛЕУСИЗОВ.

Г. МАЛДЫБАЕВ.

А. УСАЧЕВ.

тық заманымыздың артқышылығын айқын көрсетіп беретін құнды фильм.

Сәтімә АЛІБЕКОВА,
Облыстық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің нұсқаушысы.

Оқымысты дәрігер туралы повесть

Бөп ғасыр бойы күндізгің бұғауында болған қазақ қыздарына бақытты өмір әперген, келешегіне айқын жол ашқан тек ұлы Октябрь социалистік революциясы екенін облыс кинотеатрларында жүріп жатқан «Дала қызы» атты көркемсуретті фильмінің мазмұны айқын дәлелден береді. Революцияға дейін өз еркі өзінде болмаған жалшының жетім қызы Нұржамал совет өкметі жылдарында оқып, білім алды, көрнекті оқымысты дәрігер болды.

Фильмде ескі қазақ ауылының көрінісі, совет өкметі жылдарында өзгерген қазақ ауылының бейнесі біркелкі тәуір көрсетілген. Фильмде әсерсе, студенттер өмірін көрсететін көріністер көзартарлықтай көркем жасалған. Кинофильмде қазақ даласының табиғат көрінісі де жақсы берілген.

Дегенмен «Дала қызы» кинофильмінде кемшіліктер де жоқ емес. Композитор Е. Брусиловский фильм оқыйғаларына байланысты қазақ халқының бай күйлері мен әндерін таңдап, пайдалана алмаған. Фильмде құлақ құршың қаңдырарлықтай бір де-бір күй жоқ. Әнші Қарашан қыздың өнінен қазақ әндерін есті алмаймыз. Фильмнің мазмұнына сәйкес, музыкасы болса, ол бұдан да әсерлі шыққан болар еді.

Октябрь революциясының жеңісінен кейін малын айдап қашып бара жатқан Ақтанбай мен оның баласы Әлімханның ақырғы майданда таласқан жері фильмде әлсіз шыққан. Олардың іс әрекеттерін әлі де болса зымияндау, айлалылау етіп көрсетсе, қанаушы тап өкілдерінің жауыздығы одан сайын әшкереленген болар еді.

Қазақ даласына келген орыс интеллигенциясының өкілі Любовь Петровнаның образы да солғын шыққан. Нұржамалдың ғылыми еңбегінің жарыққа шығуына, оның тиісті бағасын алуына тек Любовь Петровна ғана себепші болады. Ал, басқа ғалымдар дәрменсіз болып көрінеді. Тым болмаса бір-екі ғалымның шығып сөйлеп, өз пікірін айта алмауы шындыққа жанаспайтын сыяқты.

Ең соңында айтатынымыз актерлердің киімі әсерсе әйел көйлектері өз кезегіне сәйкес емес. Фильмді қояшылар бұл кемшіліктерді деркесінде ескермеген. Алматы киностудиясынан келешекте елімізде басқа совет халықтарымен бірге коммунистік қоғам орнату жолында қажырлы еңбек етіп жатқан қазақ халқының тұрмысын жан-жақты көрсететін фильмдер күтеміз.

Мүслима ЖҰБАНОВА,

Педагогикалық училищенің мұғалимасы.

көзінде көп ұлтандығын, күні өтпін бара жатқан ұстем тап өкілінің жаңтәсілдідегі іс-әрекетін артист Е. Өмірзақов нанымды етіп бере білген. Ақтанбайдың ақылғөйі, өрі сүйеніші—Әлімханның (артист К. Қармысов) зымияндығы да әкесінен кем түспейді.

...Бір кезде Ақтанбайдың есігінде, отпен кіріп, күламен шығып жүрген Нұржамал енді медицина институтының студенткасы. Кейітесті арманының орындалғанына ол шексіз қуанады. Оның ерленгі күні бұдан да жарқын. Институтқа бітіріп, өз ауылына барады. Дүниедегі ең қымбат — адамның өмірін сақтау үшін күреседі. Жастайынан бірге өскен сүйгені Мұратпен кездеседі.

Фильмде Нұржамалдың бұл <мақсатқа жетуіне бөгет жасауға тырысқан адамдар да көрінеді. Өрмөкірек, мансалқор Керім Саттаров Нұржамалға көңілі кетіп, оны туған ауылынан, сүйгені Мұраттан бездіруге, қалада қалдыруға тырысады. Артист Н. Жантөрин Керім образын күшті етіп шығарған. Ол—тым өзімшіл, қоғам мүддесінен жекебақтың мүддесін жоғары қояды, сөйтіп, өз мақсатына жеткісі келеді. Нұржамалдың «Гүлраушан» шебінен дәрі-дәрмек жасау жөнінде жазған ғылыми еңбегіне қарсы шығып, мұны ескі есептің қажетіне пайдаланбақ болады. Нұржамалға жала жауып, газетке мақала да жазды. Міне, Керімнің осындай өаш міндеттері мен совет ғалымына жәт қылықтарын артист Н. Жантөрин шебер, нанымды етіп көрсете алған.

Нұржамал институтты ойдағыдай бітіріп, өзінің туған ауылына қызметке келеді. Ел тұрғындары, бастығы аудандық партия комитетінің секретары Бектас Жайнақов болып оны қарсы алады. Бұрынғыдай емес ауыл өзгерген. Ашық далада әдемі, екі атажы үйлері бар үлкен село пайда болған.

Жас дәрігер алғашқы күннен бастап қыйыншылыққа да тап болады. Енесіне болмай емханаға өкелген ананың жас баласының қайтыс болғанына Нұржамал қатты налыды. Осы кездегі Нұржамалдың адам өмірін сақтауға, өз қызметіне шексіз берілгендігін, ішкі ой дүниесін артистка З. Шәріпова шынайы етіп шығарған. Ол дәрігерлік қызметімен бірге ғылыми жұмыстармен де айналысады. «Гүлраушан» шебін дәрі-дәрмекке пайдалану жөніндегі еңбегі де бірден сәтті болып шыға қоймайды. Бірақ Нұржамал мен дәрігер Маша Струмиллина (артистка Л. Власова) емхана қызметкерлерімен бірге, совет адамдарына тән байымдылықпен өз мақсаттарына жету жолында зерттеу жұмыстарын жүргізе береді.

Жас дәрігердің аты бірте-бірте сыртқа да белгілі бола бастайды. Институтты бітіріп, Балқашта жұмыс істеп жүрген сүйгені Мұратпен қосылады. Ғылым академиясы ғылыми еңбегін талқылау үшін Нұржамалды Москваға шақыртады.

Ұлы Отан соғысы басталып, Нұржамал Мұратты майданға аттандырады, оған

Нұржамалды босатып жібереді, тау ішіндегі құпия жолды көрсетуден бас тартады. Өзін ұруға ұмтылған Ақтанбай жігіттерінің арасында: Ақтанбай Советтен малын әкеліпек, осыған көнеміз бе, — деген Малбағар сөзін жігіттердің бірден қостай кетуі де нанымсыз секілді. Мүмкін, фильмінің сценарийін жазған Р. Фатиев, постановкасын қоюшылар Ш. Айманов пен И. Гаккель тап тартысын көрсетпек болған шығар. Бұл арада Малбағар совет өкметінің көдей-жарлыларға бақытты тұрмыс әперетінін біле тұра, Ақтанбайдың сонынан неге өреді деген заңды сұрақ туады.

Кинофильмдегі негізгі кейіпкердің бірі — Бектас Жайнақов. Ол — қазақ большевиктерінің өкілі, кейін аудандық партия комитетінің секретары болады. Бірақ оның аупарткомнің секретары екенін оқулы бітіріп келген Нұржамал жолдас қыздарына таныстырғанда бір-ақ білесің. Бектас Жайнақов (артист К. Бадыров) көбіне Нұржамалдың төңірегінде жүреді, оның халыққа саяси ықпалы, ұйымдас-тырушылық ролі көрінбейді. Артист К. Бадыров басшы партия қызметкерінің образын қанша тәуір көрсетуге талаптанғанымен, сценарийде бұл кейіпкерге кеңірек орын берілмегендіктен, ол нашар, бұлдыр шыққан.

Кинофильмнің авторлары Нұржамал образына көбірек көңіл бөлген де басқа кейіпкерлер Нұржамалдың көлеңкесінде қалып қойған. Осындай кейіпкерлердің бірі Нұржамалдың ері—Мұрат. Ол не жұмыс үстінде, не үйде, не семья арасында толық көрінбейді. Мұрат көбіне Нұржамалды іздеумен, оны институт залында күтуден жүреді. Өзі солқын образды артист В. Мұқараев байыпты, салмақты боламын деп одан сайын әлсіретіп жіберген. Фильмді қояшылардың техникалық кемшілігінен болса керек, Мұрат 1941 жылы майданға лейтенант погонымен аттанады. Ал, ол уақытта біздің әскери адамдарымыз погон таққан жоқ.

Қазақ даласына келген орыс дәрігері Любовь Петровнаның образы да айқын, толық жасалмаған. Ол Нұржамалды құлапы тастың жанынан тауып алып, оның өмірін сақтап қалады. Кейін медицина институтына түсуіне де ол себепші болады. Нұржамалдың ғылыми еңбегінің жарыққа шығуына, оның тиісті бағасын алуына Любовь Петровнаның ғана себепші болуы Нұржамал образын әлсірететін сыяқты. Оның үстіне көпжылдар өтсе де Любовь Петровнаның түрі өзгермей, зрительдің есінде бірінші көрген қалпында қалады. Бұл, әрине, гримердің кемшілігі.

Алайда «Дала қызы» — идеялық-көркемдік жағынан тәуір шыққан фильм. Алматы киностудиясының совет өкметі жылдарында қаранайым қазақ қызының оқымысты дәрігер болғанын бейнелейтін кинофильм жасап шығаруын игі іс деп қарсы алу керек.

М. НҮРКЕНОВ.

Өмір Шындығы

«Дәрігер болғым келеді!». Осы бір арманын сыртқа шығара отырып, Нұржамал соның орындалуына берік сенбеген де болар. Бірақ оның арманы қол жетпес қыял емес, қуанышты шындыққа айналды. Ұлы Октябрь революциясы әперген заңды праволарын пайдалана отырып, ол жоғары білім, өзі арман еткен дәрігер мамандығын алды. Қалада қалуға мүмкіншілігі бола тұра, ол өз мамандығы, қажырлы еңбегі қайда қажет болса, сонда баруға тілек білдірді. Бұл,—тілек біздің заманда ғана, совет жастарының. Отанға берілген ой-сезімінен туатын тілек. Нұржамалдың қыйыншылықтан қорықпай, ілгері ұмтылуы, ғылымға бұрыннан белгілі мәселелермен ғана қанағаттануы қоймай, жаңалық іздеуі, сол жаңалықты көпшілік игілігіне айналдыруға тырысушылығы, бұл жолдағы еңбексүйгіштігі мен тапқырлығы—міне осы қасиеттердің барлығы жыйналып, оны біздің сүйіспеншілігімізге бөлейді. Басты кейіпкер Нұржамалдың бейнесінің нанымды шығуына артистка Шәріпова да көп еңбек сіңірген.

Нұржамал өмірге нағыз совет адамдарының көзқарасымен қарайды. Ол үшін барлығынан Отан, халық мүддесі қымбат. Сондықтан да Керімнің қалада қалдыруға тырысқан сөздерін Нұржамалдың қайтарып тастауы нанымды да, солай болуға тиісті де. Ол қыйыншылық көп кездесетіндігін көріп біле тұра, ауылдық жерге қызметке аттанады.

Зрительлердің құрмет тұтатын кейіпкерлерінің бірі—Любовь Петровна. Фильмді жасаушылар оның бейнесі арқылы ұлы орыс халқының туысқан республикалар халықтарына деген күнбе-күнгі қамқорлығын көрсетпек болған.

Бұл қамқорлыққа біздер кәзірде бөленудеміз. Мәселен, біздің медициналық училищеде ондаған қазақ қыздары оқыйды. Олардың мамандық алуына мұнда барлық жағдай жасалған. Жоғары білім, арнаулы әзірлігі бар оқытушылардан медицина ғылымы жайында лекциялар тындасақ, қаланың ауруханаларында тәжірибелі дәрігерлердің басшылығымен практикалық жұмыстар жүргіземіз. Мұның барлығы біздің мамандық алып шыққаннан кейін ойдағыдай жұмыс істеуімізге мүмкіншілік береді. Коммунистік партияның бұл қамқорлығына жауап ретінде біздің студенттер де Нұржамал сыяқты «Отан қайда жіберсе, сонда барамыз» дейтін болады.

Фильмді жұртшылық қызыға көруде. Мұның өзі оның кейбір жеке кемшіліктеріне қарамастан жақсы жасалғандығын байқатады. Республикамыздың киностудиясы мұндай құнды фильмдер жасау жолында өлі де болса көп ізденіп, талмай еңбек ете берулері керек.

Зәра БОЛАТБАЕВА,

Қаладағы медицина училищесінің студенткасы.

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлейік

Партияның XIX съезі өзінің директиваларында бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта (онжылдық) білім алуға көшуді аяқтау, сол сыяқты, келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуға жүзеге асыруға керекті жағдайлар әзірлеу міндетін алға қойды. Жаңа оқу жылында қалада жетіжылдық білім алудан орта білім алуға көшу аяқталады. Ауылдық-селолық жерлердегі орта мектептер және онда оқытын оқушылардың саны артып, орта білім алуға көшуге әзірлік жүргізіледі. Бұл міндеттерді облысымыздың ауыл-селоларында және қалада қалтқысыз жүзеге асыру жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлеуді қорек етеді.

Жыл сайын кластар мен оқушылардың саны көбейіп келеді. Сондықтан ауыл-селолық жерлерде кезіргі бар мектеп үйлерін кеңейтіп, оның үстіне жаңадан мектеп үйлерін салу өте қажет болып отыр. Кезіргі талап осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруды талап ететініне қарамастан, оқу бөлімдері және мектеп басшылары бұл іске жете назар аудармай келеді. Соның салдарынан мектеп үйлері кезінде жөндеуден өтпейді. Мектептер оқу жылын әзірліксіз бастайды. Мұның өзі оқу-тәрбие жұмысының сапасына да белгілі дәрежеде әсер етуде. Класс бөлмелерінің тарлығынан бірқатар мектептерде сабақ 3 сменана бірдей өтеді. Арнаулы пән кабинеттерінің жоқтығынан тажрибе сабақтары өткізілмейді.

Бұлаев ауданының мектептері өткен оқу жылын әзірліксіз бастады. Оқу жылы басталғанша мектеп үйлері жөндеуі болмады, отынмен де қамтамасыз етілмеді. Кезіргі бар мектеп үйлері тар, сабақ екі-үш сменана өтеді. Аудандағы 54 мектеп 68 үйге орналасқан. Жетіжылдық және орта мектептердің көпшілігінде пән кабинеттері, пионерлер бөлмелері, мастерскойлар жоқ.

Конюхов ауданының 37 мектебі 47 мектеп үйіне орналастырылған. 36 мектеп екі сменана оқыйды. Ауданның бірде-бір мектебінде пионер бөлмелері, мастерской, пән кабинеттері жабдықталмаған. Мектептерде спорт залының жоқтығынан қыс күндері физкультура сабақтары өткізетін жер жоқ. Аудандық Совет атқомі мен оқу бөлімі және мектеп басшылары қоғамдық интернаттар ашуды да қолға алмай отыр. Каракога, Лебяжье, Октябрь, Конюхов, Новоуспенск мектептерінің мұғалімдері пәтер үйлермен қамтамасыз етілмеген. Басқа аудандарда да мұғалімдер үшін пәтер үйлер салудың

жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының және оқу бөлімдерінің күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі. Кезіргі өткен жылы ұйымдастырылған 12 совхоздағы 11 бастауыш және 1 жетіжылдық мектепте 210 оқушы оқып жүр. Жаңа мектептерді ұйымдастырып, оқу жылын бастауда үлкен қиыншылықтар да кездесті. Мұның негізгі себептерінің бірі — арнаулы мектеп үйлерінің жоқтығы болды. Оқу жылының бастапқы кезінде Дзержинский атындағы, Докучаев атындағы совхоздардағы бастауыш мектептер бір бөлмелі үйге ғана орналасты. Мұның өзі сабақты бірқалыпты жүргізуге әдеуір қиындық келтірді.

Кезіргі совхоздардағы мектеп үйлері кеңейтілді. Мұғалімдерге де пәтер үйлер берілді. Барлық мектептер парталармен, қорнекті құралдармен және басқа қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Жаңа қоныстанушылардың балалары үшін совхоздарға жақын жерлердегі село орта мектептерінің жанынан қоғамдық интернаттар ашылды.

Быйым тағы да жаңадан совхоздар ұйымдастырылуда. Жаңа оқу жылы басталғанша бұл совхоздарда мектеп үйлерін салып, бұрынғы совхоздардағы мектеп үйлерін кеңейту қажет. Мәселен, Тимирязев атындағы совхоздағы жетіжылдық мектеп алдағы оқу жылында онжылдық мектепке айналдырылады. Оның жанында 50—60 адамдық бюджеттегі интернат болады. Дзержинский атындағы, Докучаев атындағы, Интернационал және Москворецк совхоздарының бастауыш мектептері жетіжылдық мектептерге айналдырылады. Сондай-ақ жаңадан ұйымдастырылған Ильичевский, Молодежный және Тамань дивизиясы атындағы совхоздарда да бастауыш мектептер ашылады. Бұл шараларды айтарлықтай жүзеге асыру жаңа оқу жылына үлгілі әзірленуді, мектеп үйлерін кезінде, үлгілі жөндеуден өткізіп, оларды барлық қажеттерімен жабдықтап, жаңадан мектеп үйлерін салуды қажет ететіні өзінсіз. Петропавл совхоздар тресті және совхоздардың директорлары мен мектеп басшылары совхоздарда мектеп үйлерінің кезінде салынып, олардың жаңа оқу жылын үлгілі әзірлікпен бастауын қамтамасыз етуі тиіс.

Ауылдық-селолық Совет атқомдері мен мектеп басшылары мектеп үшін жөндеуді, оларды отынмен қамтамасыз етуді осы бастан жүргізе бастағаны дұрыс. Жаңа оқу жылына әзірлік кезінде мектеп мастерскойын жабдықтауға, оқу-тажрибе участоктерін кеңейтуге, қорнекті құралдар мен оқу құралдарын алуға көбірек көңіл бөлінуі қажет.

Жыл сайын бірқатар ауылдық-селолық жерлерде мектептерді жөндеуге, не кеңейтуге, мұғалімдер үшін пәтер үйлер

Халықтық демократия елдерінде бағаның жаңадан арзандатылуы

РУМЫНИЯ

БУХАРЕСТ, 24 апрель. (СОТА). Румын Халық Республикасының Министрлер Советі 25 апрельде кейбір азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын, кино мен театр билеттерінің бағасын арзандатуға қаулы етті.

ПОЛЬША

ВАРШАВА, 23 апрель. (СОТА). Газеттер Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитеті мен Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің 1955 жылғы 24 апрельде азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын арзандату туралы қарарын жариялады.

Бағаның жаңадан арзандатылуы еңбекшілерге жылына 4 миллиардқа жуық алтын ақша үнемдеуге мүмкіндік береді.

БОЛГАРИЯ

СОФИЯ, 23 апрель. (СОТА). Болгар Халық Республикасы Министрлер Советі мен Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитеті 25 апрельде халық тұтынатын товарларға қойылған біртұтас мемлекеттік бөлшек саудасын арзандату туралы қаулы алды.

Бағаның жаңадан, есеп бойынша жетінші рет арзандатылуының нәтижесінде болгар еңбекшілері тек мемлекеттік және кооперативтік магазиндерден сатып алынған товарларды есептеген күннен өзіне ғана, жылына 650 миллионнан астам лев пайда табады.

Корей мәселесін бейбітшілікпен шешу үшін

ПЕКИН, 23 апрель. (СОТА). «Гуанмин-жибао» газеті Қытай халықтық еріктілері бас штабы өкілінің 6 дивизияны Кореядан әкету жөніндегі мәлімдемесіне байланысты былай деп жазады: кезіргі өзінде қытай еріктілерінің 13 дивизиясы Кореядан әкетіліп, еліне қайтып оралды. Бұл фактінің өзі, деп атап көрсетеді газет, қытай халқының корей мәселесін бейбітшілікпен шешуге және Қызыр Шығыстағы шиеленісті бәсеңдетуге шын пейімен ұмтылып отырғандығын көрсетеді.

Қытай халқының Кореяның бейбітшілікпен бірігуі туралы мәселені корей халқының өзі шешіп, барлық шетелдік қарулы күштердің Кореядан әкетілуін арқалап да жақтап келгендігі және жақтап отырғандығы, деген бұдан әрі «Гуанмин-жибао», бұрыннан мәлім.

АҚШ үкметі, деп жазады газет, корей мәселесінде агрессиялық саясатты өзі де жүргізіп отыр, мұның өзі Оңтүстік Корея

Халықаралық шолу

АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА

ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҮНІ

Адамзаттың жартысынан артығы тұратын Азия мен Африка халықтары бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге зор үлес қосуда. Олардың бостандық, ұлттық тәуелсіздік, бейбітшілік жолындағы және ұлттық езушілікке қарсы күресі күннен күнге күшейіп, кезіргі заманның аса маңызды факторларының біріне айналып отыр.

Жуырда Индияның астанасы Деллиде болған халықаралық шиеленісті бәсеңдету жөніндегі азиялық конференция Азия халықтарының онан сайын күшейген бірлігі мен ынтымағын аса зор күшпен қозғалтқан мәселе болды. Оңтүстік және батыс африкалық халықтардың бірігіп, олардың еркіндігі, талаптары мен жіберінің белгісі болып табылады.

Азия мен Африкадағы оқылғалар кезіргі бостандыққа, ұлттық тәуелсіздікке, бейбітшілікке қарай алға мызғымас жігермен халықтық күштердің барған сайын күшейген күресі жағдайында дамып келеді.

Олар конференцияға қатысушылардың арасында алауыздықтар болады деп дөмеленді, өздеріне жарамсақтанған кейбір елдер өкілдерінің көмегімен конференцияның бірқалыпты жұмыс істеп, жақсы нәтижелерге жетуіне кедергі жасағандары келді. Алайда, бұл амал-айдалар мен қулық-сұмдықтар сәтсіздікке ұшырауда. «Индия мен Қытай жариялаған бес принцип», — деп ызаланады «Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі, — кездесуге қатысушыларды біріктіруге... Халықаралық жұртшылық жаңа Азияның партиясы деп атаған бұл принциптер (территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділікті көздеу, бейбітшілікпен қатар өмір сүру) азиялық және африкалық халықтардың бірігіпін қимті, олардың еркіндігі, талаптары мен жіберінің белгісі болып табылады.

Азия мен Африкадағы оқылғалар кезіргі бостандыққа, ұлттық тәуелсіздікке, бейбітшілікке қарай алға мызғымас жігермен халықтық күштердің барған сайын күшейген күресі жағдайында дамып келеді.

БЕЙБІТШІЛІКТІ НЫҒАЙТУ ІСІНЕ

ҚОСЫЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҮЛЕС

Осы жылғы апрельдің 12-нен 15-не дейін Москвада болған Совет — Австрия келіссөздерін дүние жүзінің жұртшылығы онан әрі қызу қолдауда. Шетелдердің баспасөзі, радиосы, саяси және қоғам қайраткерлері Совет-Австрия мазмұндамағына кеңінен түсініктер беріп, оны ерекше маңызды документ деп бағалап отыр. «Австрияның Үкмет Делегациясы мен Совет Үкметі арасында пікір алмасудың нәтижелері туралы Москвадан алынған қуанышты хабарлар дүние жүзінің жұртшылық пікіріне аса зор әсер еткен соңғы уақыттағы өте маңызды саяси оқиға болып табылады деп айтсақ, бұл асыра айтқандық болмас еді», — деп жазады Голландияның «Де Вааркейд» газеті.

Москва келіссөздерінің табысты болуына жеткізген Совет Үкметінің Австрия мәселесіндегі саясатын бейбітшіліктің барлық достары Европадағы шиеленісті бәсеңдету жолындағы маңызды қадам ретінде, европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосылған аса маңызды үлес ретінде құттықтап отыр. «Совет-Австрия келіссөздері, — деп атап көрсетеді Қытайдың «Женьминьжибао» газеті, — Совет Одағы дәйектілікпен жүргізіп отырған бейбітшілік және халықаралық ынтымақ саясатының жаңа табысы... Москвадағы келіссөздердің барысында қол жеткен келісімдер алауыз және мүлде

бұзғыштық жүзеге асыруы тек Австрияның өз халқының өмірлік мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге Европада бейбітшілікті нығайту мүдделеріне де сай келетіндігі күмәнсіз. Мұны батыстың буржуазиялық баспасөзі де мойындап отыр. Англияның «Йоркшир порт» газеті былай деп көрсетеді: Австрияның соғыс блоктарына қатыспауы «Европаның дәл ортасында Швецарияның үлгісімен екінші бір бейтараптық облыс құрады, онда Батыс пен Шығыстың арасындағы шиеленіс жойылатын болады, ал мұның өзі бұл аудандағы бүкіл жағдайға игілікті әсерін тигізеді».

Совет Одағының Австрия мәселесіндегі дәйекті саясаты ССРО халықтарының, ұлкен және шағын халықтардың, ұлттық мүдделерін мейлінше құрметтейтінін жаңа күшпен көрсетті, сөйтіп, Австриямен мемлекеттік договор жасасудың жолын ашты. «Суверенитет пен бостандық, — деп жазады Австрияның «Винер цейтунг» газеті, — енді біз үшін шындыққа айналуда тиіс... Москва Австрия үшін жаңа дәуір ашты».

Австрияның мемлекеттік біртұтастығының, оның тәуелсіздігін қамтамасыз етудің және оны соғыс блоктарына қосылудан қорғаудың Европада және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап, нығайту үшін зор маңызы бар. Реакцияшы баспасөз органдары бұған мейлінше тынышсызданып отыр: Мысалы, Американың «Крисчен саиенс Монитор» газеті былай деп жазады: «Бұлжымас бейтараптық арқылы бостандық пен тәуелсіздік алуды ұйғарған Австрияның үлгісі елдің қайта біріктірілуін табандылықпен талап етіп отырған немістердің осы да көптеген қатарын онан сайын көбейте түседі...».

Мұндай хауіптенудің негізі бар. Москвадағы келіссөздердің нәтижелері АҚШ-тың агрессияшы топтары Европадағы оқылғалардың дамуын бағыттағысы келіп отырған бағытта мүлде қайшы келеді. Американың саясатының Герман милитаризмін қайта тудыруды, Германияны бөлшектеп, оның батыс бөлегін соғыс бекінісіне айналдыруды көздеген мақсаты немесе халқының және басқа европалық халықтардың батыл тойтарыс беруін кездестіріп отыр. Атап айтқанда, мұны Париж келісімдерін жүзеге асыруға қарсы наразылық білдірудің қуатты қозғалысы дәлелдеп отыр. «Москвада Австрия үшін істеуге мүмкін болған істі Германия үшін де істеуге болады және істеу керек те», — деп жазады Батыс Германияның «Фрейес фольк» газеті. Батыс Германияның көптеген басқа газеттері де осындай пікірлер білдіреді. Мысалы, «Нейе Рейн-цейтунг» былай деп мәлімдейді: «Біз Раабтан өз тарапынан инициатива және

СОШ Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы экономикалық жағынан қуатты колхоздар мәдениет және оқу ағарту ісін өркендетуге қаржы бөлуі тиіс деп атап көрсетті. Ал облысымыздың көптеген колхоздарының мектеп үйлерін кеңейтуге, жаңадан мектеп салуға, мастерской жабықтауға көмектесуге толық мүмкіншілігі бар.

Жеделенген колхоздар оқу ағарту ісіне қаржы бөліп, мектеп үйін салуға, мастерской жабықтауға үнемі көмектесіп отырады. Мысалға Ленин ауданының Ворожский атындағы колхозын алайық. Колхоз 1953 жылы жаңадан мектеп үйін салды. Ескі мектеп үйін кеңейтіп, қоғамдық интернат және село мұғалімдері үшін пәтер үйлер салып берді. Александровка селосында орта мектеп ашылды.

Мектептің материалдық базасын нығайтуда оларды қамқорлыққа алған кәсіпорындар үлкен көмек көрсете алады. Мектеп басшылары кәсіпорындардың директорларымен, колхоздақ комитеттерімен тығыз байланыс жасап, мектеп үйлері мен пән кабинеттерін жабықтауға, мектептің материалдық базасын нығайтуға бағытталған шаралар белгілеп, оны жүзеге асырып отыруы тиіс. Бұл жөнінде Ленин ауданындағы Петровка жетіжылдық мектебінің жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Мектеп Образцовая МТС-нің және Молотов атындағы колхоздың көмегіне сүйене отырып, мектеп мастерскойын жабықтады. Мектептің оқу-тәрбибе үчаствегін кеңейтті. Мұның өзі мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын үлгілі ұйымдастыруға мүмкіндік беруде.

Облысымызда тың жерлердің игерілуіне байланысты еліміздің басқа жерлерінен жаңа қоныстанушылар көптеп келуде. Жас жаңа қоныстанушылардың оқып, білім алуына қолайлы жағдай туғызу—

салуға бөлінген қаржы жұмсалмай қалады. Мұны ауылдық-селолық Советтердің председателдері мен мектеп басшылары «қаржы кезінде босатылмады», «құрылыс материалдары жетімеіз болды» деген сылтаулармен дәлелдеуге тырысады. Быйыл жаңа оқу жылына әзірлік кезінде мұндай бөгде себептерді жамылдып, мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысын кешіктіру сыяқты теріс әдеттерге жол берілмеуге тиіс.

Жергілікті Совет атқомдері мен оқу бөлімдері таяудағы жүндердің ішінде мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеудің жоспарын жасап, әр мектеп бойынша жүргізілетін жұмыстарды және оның орындалу мерзімін көрсетуі қажет. Бұл жоспар Совет атқомдерінің мәжілісінде, оқу бөлімдерінің кеңесінде және педагогикалық советтерде, колхозшылардың жалпы жыйналыстарында талқыланып, бекітілуі тиіс. Ал жергілікті партия, совет ұйымдары бұл жоспардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын оқу бөлімдері мен мектеп басшыларынан қатаң талап етіп отыруы тиіс. Мұныңмен бірге, ауылдық-селолық Советтер мен мектептердің арасында мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу, жөндеу жұмыстарын кезінде аяқтау жөнінде социалистік жарыс ұйымдастырылып, жарыс барысы үнемі тексеріліп отырылуы керек.

Осы аталған шараларды ойдағыдай жүзеге асырып, халық ағарту қызметкерлері ауыл-село еңбекшілерімен бірге іске кіріскенде, партия, совет ұйымдары бұл жұмыстарға үнемі басшылық жасап, оның орындалуын бақылауға алып отырғанда ғана мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуге болады.

Б. ФЕДЕНЕВ,

Қазақстан КП облыстық комитетінің мектеп бөлімінің нұсқаушысы

келтіруден, оңтүстіккореялық соғыс күштерін арттырудан көрініп отыр. Бұл сыяқты әрекет Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді бұзды және Азия мен бүкіл дүние жүзі халықтарының мүдделеріне қайшы келеді.

Азияда бейбітшілікті қолдау мақсатымен, деп жазады қорытындысында «Гуанминжибао», корей мәселесін деркезінде шешу қажет, өйткені Азия халықтары Қызыл Шығыстары және бүкіл дүние жүзіндегі шиеленістің бәсеңдетілуін табандылықпен талап етуде.

Вьетнам туралы Женева келісімдерінің жүзеге асырылуы

ПАРИЖ, 23 апрель. (СОТА). 11 апрельде Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Франция өкілдерінің арасында француз одағының әскерлерін Хайфон аймағынан (Солтүстік Вьетнам) және Вьетнам Халық армиясы әскерлерін Куонг Нгайбинь Динь аймағынан (Оңтүстік Вьетнам) әкетудің мерзімі мен тәртібі туралы келісімге қол қойылды. Келісімде екі жақтың әскерлерінің де әкетілуі 22 апрельден басталып, 16 майда аяқталуы қарастырылған.

Франс Пресс агенттігінің Хайфондағы тілшісінің хабарлауына қарағанда, 22 апрельде Вьетнам Демократиялық Республикасы армиясының бөлімдері Камфа аймағына (Хайфонға таяу жерде) орналаста бастады. Бұдан аз-ақ бұрын олар француздың «Шарбоннаж де Тонкан» компаниясына қарасты көмір қазатын жерлерге ие болған еді. Осымен бірге бізде француз командованиесі өз әскерлерін Хайфон аймағынан әкете бастады. Француз әскерлері Хон-гайге бет алған, олар онда кемелерге тиелетін болады.

АМСТЕРДАМ ЕҢБЕКШІЛЕРІ 83 ПРАВОЛАРЫ ҮШІН ӘЛІ ДЕ КҮРЕСУДЕ

ГААГА, (СОТА). Амстердам муниципалитеті 57 жұмысшының жұмыстан шығарып тастау жөнінде қарар қабылдады. Өйткені бұл жұмысшылар коммуналдық кәсіпорындар мен қалалық транспорт жұмысшыларының жуық арада аяқталған ереуіліне қатысқан еді.

Бұл қарар Амстердам еңбекшілерінің ашу-ызасын туғызды. Наразылық білдіру ретінде коммуналдық кәсіпорындарының 400 жұмысшысы тағы да ереуіл көтерді. Сонымен бірге едәуір кәсіпорындарда еңбекшілердің демократиялық праволарына реакциялық күштердің шабуылына қарсы наразылық петициясына қол қойдыру өрістетілді.

тинентті ғана қатты ойландырып отырған жоқ. Конференция экономикалық және мәдени-ынтымақ проблемаларын, ұлттардың өзін-өзі билеу праволарын, бейбітшілікті және халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларын талқылауда. Индонезияның президенті Сукарно конференциядағы өзінің кіріспе сөзінде былай деді: «біз бейбітшілік үшін күресетін Азия мен Африканың барлық рухани, моральдік және саяси күштерін жұмылдыруға тиістіміз», сөйтіп, «біз соғысты емес, ал бейбітшілікті жақтайтынымызды және біздің қолымызда бар нәрсенің бәрі еркін бейбітшілікті нығайту үшін пайдаланылатынын» көрсетуге тиіс тіміз. Бұл сөздер Бандунг конференциясының міндеттерін және оның қандай жағдайда өтін жатқанын мейлінше айқын сипаттайды.

Азия мен Африканың кең байтақ аудандарын қайтадан өркендетуге кедергі жасайтын отарлау тәртібі елдердің арасындағы достық ынтымақты қамтамасыз ету үшін кедергі болып отыр. Азия және Африка континенттерінің халықтары өздерінің жаңа өмірге жетуді жолына бұл кедергілердің кесе тұруына жол бере алмайды. Сондықтан Бандунгтағы конференцияның трибунасынан Азия және Африка халықтарының жеңімпаздықпен алта басуына бетте жасауға тырысып, отаршылдық үстемдіктің қалдықтарына жарылмастып отырғандардың адресіне ызалы айыптау сөздерінің өстіліні отырғаны тегін емес.

Бейбітшілік пен прогрестің жаулары Бандунгтағы конференцияның жағдайын уландыру үшін аз әрекет жасаған жоқ.

лық болған жағдайда, бейбітшілік нығайту мүдделерін негізге ала отырып, барлық реттелмеген халықаралық проблемаларды келіссөздер жолымен шешуге болатынын айқын көрсетеді».

Австрия мәселесі өзінің дереу шешілуін талап ететін халықаралық проблемалардың бірі екені жұртқа мәлім. Соғыстан кейінгі барлық жылдар бойына Совет Одағы австрия халқының және Еуропаның барлық халықтарының ұлттық мүдделерін негізге ала отырып, тәуелсіз демократиялық Австрияны қалпына келтіру негізінде Австрия мәселесін реттеуге талмастан күш жұмсап келді. Егер оғаз АҚШ-тың билеуші топтарының және олардың Батыс Еуропадағы әріптестерінің саясаты қарсы қойылмаған болса, Австрия мәселесі әлде қашан шешілген болар еді. Австриямен мемлекеттік договор жасауды және оның тәуелсіздігін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін советтік ұсыныстарды австрия халқы әрдайым қабыл алып, қолдап отырды. Соңғы уақытта бұл ұсыныстарды Австрия Үкметі де дұрыс қарады, Австрия Үкметі Делегациясының Москвада болуы осының нәтижесі болды.

Москва келіссөздері кезінде Австрия Үкметі Австрия ешқандай соғыс одақтарына қосылмауға және өзінің территориясында шетелдік ешқандай соғыс базаларының болуына жол бермеуге міндеттенеді деп мәлімдеді. «Австрия, — делінген Совет-Австрия мазмұнамасында, — барлық мемлекеттер жөнінде осы декларацияның сақталуын қамтамасыз етуге тиісті тәуелсіздік саясатын жүргізетін болады». Австрияның бұл принциптері

Біз мұндай саясат батыс державалардың блогінен соғыс-саяси өзгеріс жасаудан гөрі еліміздің мүдделеріне көбірек сай келетінін түсінуге тиістіміз».

Австрия мәселесін неғұрлым тез реттеуге ұмтылып, Совет Үкметі 19 апрельде батыс державаларға нота жолдап, Австриямен мемлекеттік договор жасау туралы мәселені қарау үшін таяу уақытта Австрия өкілдерінің қатыстырылуымен АҚШ-тың, Францияның, Англияның және СССР-ның сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды ұсынды. Советтік ұсынысты батыс державалардың билеуші топтарының қалай қарсы алғандығы олар, ең алдымен АҚШ, сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруға асығып отырмағанын көрсетеді. Алайда, мұндай позиция америка монополистарының Еуропадағы жоспарларының агрессияшы сипатын, олардың халықаралық шиеленісті сақтауға және ұшықтыруға тырысатынын тағы бір рет әшкередейді. Мұндай позицияның еріксіз екенінің айқындығы сонша, тіпті «Нью-Йорк пост» сыяқты газет те былай деп мәлімдеуге мәжбүр болып отыр: «егер Эйзенхауэр мен Даллес ұлы державалардың кеңесінен бұрынғысына таясақтап жалғаратын болса, оларға Еуропа мен Азиядағы мұндай кеңестің шешуші маңызы бар деп есептейтін әрбір елдің алдында бұл үшін жауап берулеріне тура келеді».

В. ХАРЬКОВ.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Қорланған қыз“

Газетіміздің өткен жылғы 29 октябрьдегі номерінде осы тақырыпта жарияланған фельетонда Рахима Исмаилова, Гаубас Құсайынов, Калимапар Қыраубаевтар қыз алып қашып, ол қызды еріксіз тұрмысқа шық деп зорлағандығы туралы жазылған еді.

Бұл фельетон жөнінде РКМ Булаев аудандық партия комитетінің секретары Имақов жолда редакцияға мынаны хабарлады:

Фельетонда көрсетілген фактілер анықталды. Тексерістің қорытындысы Сталин атындағы колхоз бастаушы партия ұйымының жыйналысында және РКМ Булаев аудандық комитетінің бюро мәжілісінде

қаралды. Саяси-бұқаралық жұмысын және ескі әдет-ғұрыпқа қарсы күресі қанағаттанғысыз ұйымдастырғаны үшін колхоз бастаушы партия ұйымының секретары А. Меңдібаевқа, Бірінші май ауылдық Советінің председателі У. Есенғұловқа, уақытында тергеу жұмысыз ұйымдастырмағаны үшін аудандық прокурор Авдеевко жолдастарға ескерту жасалып, қателіктері атап көрсетілді, қыз алып қашуға көмектескен Ғ. Құсайынов; Р. Исмаилова жолдастарға сөгіс жарияланды. Бұл мәселе жөніндегі аудандық партия комитеті бюросының қаулысына барлық бастаушы партия ұйымдарының жыйналыстарында оқып естірту ұйғарылды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орысбағары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс егілмесе 1-19 телефон арқылы өйлесуге болады